**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Сарыкөл ЖОББ мектебі

**Мектепалды даярлық** сыныбы

**Балалардың жасы**5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі**1-апта 23 - 27 қазан 2023 жыл

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?»<br>Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады | Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?»<br>Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды | Құрылымдалған ойын: «Орнын тап»<br>Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады | Еркін ойын: «Бауын байла»<br>Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды. | Еркін ойын: «Ертегілер елінде»<br>Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы »<br>Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу. | Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері» | Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер»<br>Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу.<br>Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім» |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 4 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша»<br>Дала қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастарқан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. | «Табиғатқа қамқор бол»<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық,<br>Әдепті да,тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | «Табиғат...»<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса |
| **Білім беру ұйымының** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кестесі бойынша **ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:** , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру<br><br>**Күзгі жапырақтар**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырықық.<br>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз<br>**Мақсаты:** : буын туралы түсініктерін қалыптастыру<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».** Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Буынға бөлейік<br>**Мақсаты** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр<br><br>**«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы** Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз<br>**Мақсаты** буындардан сөз құрауға үйрету.<br><br>**«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны**<br>**Шарты**: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) **«Буынды қос» дидактикалық ойыны**<br>– Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы.** «Алтын астық»<br>**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.<br><br>**Жұмбақты шеш.**<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар. (Бидай)<br>. Не артық? Белгіле.<br>Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді. |
| | | | | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған орта** | **Математика негіздері** | **Математика негіздері** | **Математика негіздері** | **Қоршаған орта** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** Менің елімнің салт-дәстүрі.<br>**Мақсаты** ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы.<br><br>**«Үй сыртында қолағаш» ойыны.**<br>Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді:<br>«Үй сыртында қолағаш» ойыны.<br>Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді:<br><br>. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі.<br>Ойын бастаушы:<br>«Үй сыртында қолағаш Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. | **Тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша<br>**Мақсаты** : сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Топпен жұмыс** Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршының, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды. | **Тақырыбы** Шар, текше, цилиндр<br>**Мақсаты:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?»** Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус) - Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға) -Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына). Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қаже | **Тақырыбы**Шар, текше, цилиндр<br>**Мақсаты** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**«Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны.** Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды | **Тақырыбы** Жылқұстары<br>**Мақсаты** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту<br><br>**«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын** ұйымдастырады.<br>Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).<br>Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді. | | | | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы**Ойнайықтаойлайық<br>**Мақсаты**<br>өткентақырыптарбойыншасөздердіқайталау,білімдерінбекіту<br><br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>Күз мезгілінің суретін аяқтап сал.<br>Күздің белгілеріната. | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>Неше?Санау<br>**Мақсаты**<br>сөйлемдердідауысырғағыментүрлендіріп айтуғажаттықтыру<br>.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».**<br>Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.23415 7 6 10 8 9<br><br>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10<br>10 9 8 7 6 5 4 3<br>2 1<br>**Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».**<br>Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары турасанау,төмен кері санау(қол моторикасындамыту). | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты** , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру<br><br>Өлеңде қай мезгілбейнеленген?<br>Не жайлыайтылған?<br>Ақын жапырақтарды негетеңеген?<br>Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын,алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.<br>Күз мезгілікандай?<br>Күз мезгілінде айнала сарыболады.<br>Ағаш жапырақтары жерге судыраптүседі.<br>Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары<br>Кереметкөрініс | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Алтын астық»<br>**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру<br><br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br>– Өлең шумақтарында не жайында айтылған?<br>– Өлеңді кім жазған?<br>– Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің?<br>– Астыққа не жатады?<br>– Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің? | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Тақырыбы:** Сазбалшықтан жасалған табақ<br>**Мақсаты:-** - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету<br>--табақты мүсіндеу<br>--геометриялық пішіндерден табақ кию<br>-- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.<br>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.<br><br>**Топтық жұмыстар** |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы «Біздің стадион»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br><br>**Аяқты уқалау**<br>(Б.қ. – малдас құрып отыру).<br>Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау.<br>Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табандыуқалайды | **Музыка**<br>**Тақырыбы** «Сабантойды тойлаймыз»<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтыққимылдар:**<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан) | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы «Менің отбасым»**<br>**Мақсаты** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).**<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді.<br>Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады.<br>Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді.<br>Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы«Менің үйім»**<br>**Мақсаты -** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br><br>**Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім»**<br>«Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар).<br>Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер). Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады).<br>Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді).<br>Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): тұқ-тұқ-тұқ. Есікке кім | **Музыка**<br>**Тақырыбы** «Сабантойды тойлаймыз»<br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтыққимылдар:**<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелендер)». | |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| Серуен | **Бақылау:** Тұманды бақылау.<br>**Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**<br>**1.Жарысу.**<br>**2.Төбешікке секіру.** | **Бақылау:** Шықты бақылау.<br>**Тренинг:** « Қаздар болып ұшайық ». | **Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау.<br>**Тренинг:** « Қолшатыр ». | **Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:**<br>Қуаласпақ.<br>Тығылыспақ.<br>**Тренинг:«Киіз үй».** | **Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау .<br>**Дербес ойындар:**<br>**1.Әткеншек тебу.**<br>**2.Ирек жолмен жүру.** |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Бекітемін:**
**Оқу ісінің орынбасары:** Ж.М.Муканова
**Мектепалды даярлық сынып**
**Жоспардың құрылу кезеңі : 2024 жыл 20-21-22-23-24 мамыр**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды калыптастыру, бақылау, бала үні,** | Сәлеметсің бе, сен қандай сүйкімдісің?!<br>-Сәлеметсің бе, сен қандай қайырымдысың?!.<br>-Сәлеметсің бе, сен қандай сабырлысың?!<br>-Сәлеметсің бе, сен қандай мейірімдісің?!.<br>**Гимн айту** | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар;<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін! | Ән салуға барамыз, (шеңбер бойымен жүреді)<br>Досымызды табамыз. ( тоқтайды)<br>Сәлемет пе! Міне, мен! ( қолдарын екі жаққа сермейді)<br>Доспын енді сенімен.<br>(көршілерімен қол алысады) | Аспан ашық болсын,<br>Күн қайырлы болсын,<br>Күн шуақты болсын,<br>Шаттыққа толы болсын!<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз әділдік.<br>(Балалар қол ұстасып құшақтасады) |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Сіздің балаңызбен тәрбиеші жақсы жұмыс жасайды ма? | Балаңыз үйге келгеннен кейін барлық ойыншықтарын бүкіл үйдің ішіне шашып тастады, жина десеңіз тіліңізді алмайды, Сіздің әрекетіңіз? | Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз? | Өзіңізге ұнайтын қандай іс шара өткізуді айтып ой бөлісесіз? | Балаңыз мектептен ойыншықты рұқсатсыз үйге алып кетеді, сіз оны үйге барганда көресіз. Сіздің әрекетіңіз? |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Әдемі оюлар»**<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді колдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты колдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлiгiн, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау.<br>**(сурет салу)** | **«Алдаркөсе»**<br>**Мақсаты:** еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. (қоржын)<br>**(көркем әдебиет, жапсыру)** | **«Сандардан шатасып қалма»**<br>**Мақсаты:** 10-ға дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға үйрету.<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>**(математика негіздері)** | **Қимылды ойынМақсаты:**Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | **«Жаңылтпаш»**<br>**Мақсаты :** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>**(қазақ тілі)** |
| **Жаттығулар кешені** | «Шаш өру»<br>Б.қ аяқ өкшесі бірге 1.қолды бастан төмен қарай саусақтарды айналдырып | «Айнаға қарау»<br>Б.қ аяқты алға бір тізеге отыру 1қолды айна ұстағандай алға ұстап сол | «Жүн сабау»<br>Б.қ аяққа тізерлеп отырады сабау сабаған сияқты алға иіліп 1 оң | «Керілу»<br>Б.қ аяқ өкшесі бірге қол кеуде тұсында айқасады. 1.оң қолды жанға созу 2 сол қолды жанға | «Айналып билеу»<br>Б.қ аяқ өкшесі бірге. Екі қолды жанға айналдырып айналу орнында тұрып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төмен түсіру 2сол жаққа қайталау.б.қ келу | қолмен бетін сипаған қимыл жасау, 2.сол жаққа қайталау.б.қ келу | қолды алға 2 сол қолды жаққа нықты қозғау 3.б.к келу. | созу қолды б.қ келтіру. | 6-6. Б.қ аяқ өкшесі бірге аяқты тезеге бүгіп секіру оңнан солға айналып аяқты тезеге бүгіп секіру шабу |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ойын «Кәмпиттердің атын ойлап тап».**<br>Балалар әр түрлі сюжеттермен суреттерді алады, өрнектер мен суреттермен. Тапсырма: кәмпиттің керекті атын табу. Осындай фантиктегі сурет табу. Мысалы, суреттер мен өрнектер.<br>Кітаптар (қарындаш, қағаз) – «Мектептің» болуы мүмкін. Пианино, баян, скрипка, труба – «Музыкалық» білім. Апельсин, алма, банан, алмұрт – «Жеміс» аты. Теңіз, қайық, кеме – «Теңіз» аты. Шырша, қайын, қарағай – «Орман» аты. | **Ойын жаттығулар: «Суретті аяқта»** - тәрбиеші суретті бастап салады, оны балалар аяқтап, бір сурет салып шығу керек. Бұл не? Немесе кім бұл?<br>Мақал-мәтел:<br>1.Сусыз жердің шөбі аясыз. Ұлсыз ердің малы аясыз.<br>2.Тікеннен гүл, Заһардан бал. | «Болады-болмайды» ойыны.<br>**ҚАСҚЫР** ОРМАНДА ҚЫДЫРУДА<br>ҚАСҚЫР АҒАШТА ОТЫР<br>КЕСЕ ҚАЗАНДА ҚАЙНАУДА<br>МЫСЫҚ ТӨБЕДЕ ҚЫДЫРУДА<br>ИТ АСПАНДА ЖҮГІРІП ЖҮР<br>ҚЫЗ ИТТІ СИПАУДА<br>ҮЙ ҚЫЗДЫ САЛУДА<br>Егер ол рас болса балалар шапалақтайды, ал егер рас емес болса аяқпен тарсылдатады. | **Ойындық жаттығу: «Барлығын ауыстыру».**<br>Қатарға 7-10 әртүрлі заттарды қойып және оларды жауып қою керек, оны 10 секундқа ашып қайтадан жабу және баладан осы заттарда атап айтып шығу. | **Ұшты- Ұшты.**<br>«Ұшты – ұшты » ойыны балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді. Балаларды шеңберге тұрғызып, зейін қойып тыңдап тұруларын ескертеді. Ойын бастаушы: Мен ұша алатын затты атап, ұшты деп қолымызды көтергенде, бәрің де тез қолдарыңды көтеріп, алақандарыңды жазып «ұшты – ұшты » деп қалықтап тұрасыңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Қимылды ойындар<br>**«Түйіншек»** Ұлттық ойын<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. шеңбер ортасына бір ұшы үлкен түйіншек болып түйілген ұзын арқан ұстаған жүргізуші шығады . «Жай тұрмай, аяғыңды жоғары көтер!» – деп ескертіп, ол арқанды біртіндеп бүкіл ұзындығымен айналдыра бастайды. Арқан жерге параллель айнала бастаған кезде ойыншылар оны аяқтарына тигізбей секіре бастайды. Аяғына арқан тиген ойыншы шеңберден шығады. Ол жазалануы керек. Ойыншылардың талабы бойынша ол билеуі, ән айтуы немесе басқа бір тапсырма орындауы керек. Осыдан кейін оның қолына арқан ұстатылып, ол жүргізушінің орнына тұрады. Осылай ойын жалғасады<br><br>**Математика негіздері**<br>Логикалық ойын тапсырмалары<br>Асан ,Айша екеуі,<br>Қос қуыршақ,<br>Бір құлыншақ,<br>Екі ойыншық<br>Құстай ұшып,<br>Үйден шықты.<br>«Бәрі нешеу» (Жетеу)<br>**Дүкеннен** көп сабын алдым,<br>Оның және қабын алдым.<br>Екі дәптер бір қарындаш,<br>Тіс ысқышты тағы алдым.<br>Есептеші сонда бәрі<br>Қанша болды қолда бәрі?<br>(Алтау)<br>**Табақта** бес алма,<br>Қолымда екі алма.<br>Қосқанда барлығы,<br>Болады неше алма?<br>Бір алма апама,<br>Бір алма атама. | **Қоршаған ортамен**<br>Қарапайым экологиялық ұғымдар<br>**Д/О: "Экологиялық белгілер"** Тыйым сөздер<br>Құстың ұясын бұзуға болмайды.<br>Орманда от жағуға болмайды.<br>Суды ластауға болмайды.<br>Құстың ұясын бұзуға болмайды.<br>**Д/О: «Жануарларды қорғау»:**<br>Қисынын тап (Суреттерді құрастыру)<br>**Д/о «Табиғат деген не?»**<br>Ойын шарты: Балалар қоршаған айналадағы табиғатты айтады (күн, ағаш, гүл, өсімдіктер, ай, тау, өзен, мысық, құс, ара т.с.с. )<br>Тыйым сөздерді айту: Құс ұясын бұзбау, құстарға тас лақтырмау, гүлдерді, ағаш жапырақтарын жұлмау, жәндіктерді жәбірлемеу т.с.с.<br><br>**Музыка**<br>Сүйемелдеумен,сүйемелдеусі з ән айту<br>**Тақырыбы: «Еске түсіреміз, қайталаймыз»**<br>Мақсаты: Ән салуға, жаттығуларға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту.<br>**«Мысық пен мысықай» ойыны:**<br>Мысық пен мысықай дауыстарын салған балаларды мадақтау.<br>**Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр»** ойыны<br>Мақсаты: Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды).<br>Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. | **Көркем әдебиет**<br>«Бала-біздің болашақ» Қ . Аманжоловтың өлеңін жаттау.<br>Балалар — біздің болашақ,<br>Сүйсінеміз, сүйеміз.<br>Бұл болашақ тамаша-ақ!<br>Болашаққа иеміз.<br>Көтеріп жас сәбиді,<br>«Күлші, бөпе, күл!» — дейміз.<br>Көңіл дария шалқиды,<br>Балалармен гүлдейміз.<br>Алға кетіп барамыз<br>Болашақты құшақтап.<br>Жыламайды баламыз<br>Көзден жасы бұршақтап.<br>Жыламайды баламыз,<br>Жылатпаймыз еш уақыт.<br>Бәрі бізде, қараңыз:<br>Өмір, өлең, күш, бақыт!<br><br>**Математика негіздері**<br>**Логикалық ойын тапсырмалары**<br>**Бес** сәбіздің біреуін,<br>Досың сұрап алады.<br>Айтшы сонда нешеуі<br>Өз қолыңда қалады?<br>**Авто**тұрақта 3 машина тұрды. Оған тағы 2 машина келіп қосылды<br>Сонда барлығы неше машина болды?<br>**Айымда** 4 алма болған. Оған анасы 1 алма берді.иАйымда неше алма болды?<br>**Тал** басында тізіліп, 5 жапырақ тұр еді<br>Жел соқты да үзіліп,ұшып кетті біреуі<br>Ізінше оның жұлынып,түсті тағы екеуі Түр әлі де ілініп, | **Математика негіздері**<br>Нені білеміз, нені жасаймыз?<br>**1.«Кім ойлампаз?».**<br>Мақсаты: "Баланың логикалық ойлауын арттыру"<br>Бағдаршамда неше көз бар?<br>5 саусақты қолғапта неше саусақ бар?<br>Адамның неше көзі бар?<br>Аспанда неше ай бар?<br>Бір жылда неше мезгіл бар?<br>Бір жылда неше ай бар?<br>Бір аптада неше күн бар?<br>Адамда неше саусақ бар?<br>Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе?<br>**2. «Шатасқан сандар»**<br>а) Қатты жел соққан кезде сандар орындарын шатастырып алыпты оларды 1 - ден 10 - ға дейін дұрыс орналастырайық.<br>ә) 3 - тен бастап сана, 6 - дан ары қарай сана<br>**3. Ойын: «Көрші санды ата».**<br>4 санның көршісін тап<br>6 санның көршісін тап.<br>**4.«Кеңістікті бағдарлау».**<br>Алдарында жатқан ақ қағаздың жоғарғы оң жағына – үшбұрыш, төменгі сол жаққа - төртбұрыш, жоғарғы сол жаққа - доңгелекті, төменгі оң жаққа - шаршыны, ортасына - сопақшаны орналастырыңдар.<br>**5. Математикалық мақал - мәтелдер:**<br>1. Бір досың болғанша,<br>Жүз досың болсын.<br>2. Бір тал кессең, он тал ек.<br>3. Сегіз қырлы, бір сырлы.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сын есім мен үстеулер<br>**Ойын**<br>**"Суретті жұмбақтар".**<br>Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Тәрбиеші үлкен қораптан кішкентай неше | **Дене шынықтыру**<br>Жүру, жүгіру түрлері<br>**"Қуыспақ»** Ойыншылар шеңберге тұрып, санамақпен қуғыншы саналады. «1-2-3 – ұстап ал!» белгісі бойынша ойыншылар жан-жаққа қашып, орындықтарға секіріп шығады (биіктігі 40 см дейінгі орындыққа бір аяқтан итеріліп, секіру керек).<br>Ойыншылар бір орындықтан екінші орындыққа секіріп, қуғыншыға ұстатпауға тырысады.<br>Аз уақытта ең көп балаларды ұстап алған қуғыншы ең епті болады.<br>**«Бытырай жүгіру»** Ойыншылар тар шеңбер жасап тұрады. шеңбер ортасында жүргізуші болады. Оның белгісі бойынша балалар хормен «Әй, бабалар, саналыңдар, тезірек жан-жаққа қашыңдар!» деп айтады. Барлық балалар жылдам «бірінші-екіншіге» саналады. Санау жүргізуші тағайындаған ойыншыдан басталады. Санау аяқталғаннан кейін барлығы бытырай қашады. Жүргізуші Мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстау. Ұсталған ойыншы ойыннан уақытша шығып қалады. Келісім бойынша жүргізуші үш немесе бес баланы ұстауы керек.<br><br>**Қоршаған орта**<br>Күн мен ауаның адам өміріндегі маңызы<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>1)Үлкен алтын табақтан<br>Әлемге нұр таратқан (Күн)<br>2)Өзі көрінбейді<br>Онсыз өмір сүрілмейді (Ауа)<br>3)Аяғы жоқ , қолы жоқ<br>Бірақ тыныш тұрмайды<br>Сақтамасаң қорын тек<br>Барша тіршілік құрайды (су)<br>**«Күн, ауа,су, түн» ойыны-жаттығу.**<br>Күн мен ауа және су<br>/қолдар.жоғары көтереміз/<br>Бәрімізге керек пе? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Екі алма беремін<br>Мамам мен папама.<br>Нешеуі қалады табақта?<br>(үшеу)<br><br>**Сөйлеуді дамыту** Табиғат құбылыстарын сипаттау<br>Ойын – «Табиғатпен сырласу»<br>-Сиқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару.<br>-Елестету. (көзді жұму)<br>— мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат.<br>1. Бұлаққа кездесу.<br>-Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін: Алға иілу, алу, ішу, тамсану.<br>2. Алма ағашына кездесу.<br>Ағаштан алманы алып жеу.<br>Оң аяқ алға, сол аяқтың өкшесін көтеру, алу , кырт етіп тістеу, тәттісін-ай<br>3.Раушан гүліне кездесу. Алға иілу, алу, иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару.<br>Сұрақ – жауап.<br>-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?<br>Табиғат байлықтарына нелер жатады?<br>-Оны қорғау деген не?<br>-Табиғатты сүйе білу деген не?<br>**Тақпақ жаттау.**<br>**«Табиғат ана»**<br>Табиғат ол анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Құшағында ойнаймыз,<br>Шаттық әнге саламыз.<br>Жазда аралап тауында,<br>Барамыз біз бауына<br>Өзеніне шомылып,<br>Жүгіреміз жауында.<br>Қыста мәз боп қаламыз,<br>Сырғанауға барамыз.<br>Шымырлаған аязда, | **Тәрбиеші** балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ. Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.<br><br>**Құрастыру**<br>Ұжыммен сюжетті құрастыруСюжетті-рөлді **ойын: «Құрылыс»**<br>Мақсаты:Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету ,көрнекілікті ,құрлыс материалдарын, құрастыруды сюжетке сай қолданып дауды дұрыс шешіп ойын жоспары бойынша әрекет жасау .<br>Ойында,шығармашылық ойлау мен тілдерін дамыту .<br>Шарты: Құрылыс обектісін таңдау;Құрлыс материалдарын таңдап ,құрлыс аланына жеткізу;Құру дизайны;Объектыны тапсыру Әр-түрлі құрылыс материалдары;Жұмыс киімі;Құрлыс техникасы; Бас киімдер ;Материалдар үлгілері ;Дизайн бойынша журналдар . Құрылыс басшысы рөлінде жұмысты ұйымдастырып ,жұмыскерлерді қадағалайды,дау-жанжалды жояды, Керекті құрылыс материалдарына тапсырыс береді .Тапсырыс беруші ,дизаинермен кездесіп Тапсырыс берушілер құрлыс фирмасына құрылысқа тапсырыс береді , құрлыс жасалатын жергілікті жерді жариялайды, тапсырыс алып,алғысын | жапырақтың нешеуі?<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Өз бетінше ойындар ұйымдастыру.<br>**«Омпы» «Омпы» –** асықтың тігінен тұруы. Бұл ойынды 2–10 бала ойнай алады. Алдымен екі сызық сызылады, олардың ортасына бір ұзын сызық сызылады. Бұл сызықта көнге тігілген асықтар орналастырылады. Әр ойыншы көнге екі асық тігеді. Көннің ортасына омпы позициясында бір асық қойылады.<br>Ойыншылар сызық бойына тұрып, өз асығымен көндегі асықты соғып алуға тырысады. Соғылған асықтарды ойыншы өзіне алады. Ал «омпыны» соғып алған бала көндегі барлық асықты алады. Асықтары көп болып шыққан ойыншы жеңімпаз болады.<br>**«Бос орын»** Барлық ойнаушылар бір-бірінен дөңгелекке орналасады. Тәрбиеші дөңгелекке жақын тұрған екі ойыншыны шақырады және олар «Бір, екі, үш!» белгісінен кейін олар басқа жаққа дөңгелек бойымен жүгіреді. Жүгіріп өткеннен кейін өзінің орнына барып тұруға тырысады. Ұстаз бен ойыншылар бірінші орнына қайтып келген баланы бақылап тұрады<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Ойнай отырып оқимыз<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі** | түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек.<br>**Ойын "Сөйлем құрастыр".** Лотодан суретті 2 карточканы топқа ұсынады. Балалар жарты шеңберге отырады. Кезекпен әрбіреуі суретке қатысты сөйлем құрастырады. Сосын басқа 2 сурет көрсетіледі. Оларға да балалар сөйлем құрастырады<br>1. Балаларды ерекше, өзгеше сөйлемдерді құрауға жетелеңіз.<br>2. Егер балалар берілген екі сөзбен сөйлемдерді шапшаң құрап жатса, онда суреттердің санын асырыңыз. Мысалы, үш, төрт карточка алыңыз.<br><br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>Мен не білемін және не істей аламын?<br>**«Жұмбақ шеше білемін»**<br>**Жұмбақ**<br>Алма деген дәрумен<br>Көкөніс пе? Жеміс пе?<br>Өсетін жері қай жерде,<br>Бақ па? Бақша? Егіс пе?<br>Жарық берер таңменен,<br>Сары түсті шамменен<br>Ол не? (күн)<br>Жеті түрлі түсі бар,<br>Жаңбырдан кейінісі бар.<br>Ол не? (кемпірқосақ)<br>Екі жылтыр табаны бар,<br>Тек ақ қарда жүреді.<br>Көліктердің бұл түрін,<br>Балалар жақсы біледі.<br>(шана) | Иә, иә,иә! /алдыға қарай иілеміз/<br>Күн жылыну үшін бе? /қол соғамыз/<br>Иә, иә,иә! /бір орында жүреміз/<br>Ауа тыныс алу үшін бе? /қол соғамыз/<br>Иә, иә,иә! /отырамыз/<br>Су шынығу үшін бе? /қол соғамыз/<br>Иә, иә,иә! /қолдарымызды жан-жаққа сермейміз/<br>Денеңде күш арта ма ?<br>Иә, иә,иә! /қол соғамыз/<br>**Тәжірибе жасау:Ауаны зерттеу**<br>Әр балаға шар беріледі.Олар оны үрлеп,және оның ауасын ақырындап шығарады.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Ертегілер еліне саяхат<br>**ЕСІК (ертегі-өлең)**<br>Баяғы өткен заманда<br>Бір есік өмір сүріпті.<br>Өзін түрткен адамға<br>Айқара ашылып күліпті.<br>Жақсы,жаман таңдамай,<br>Ашылып әр күн жүріпті.<br>Түн ортасы болсада,<br>Салмаған екен құлыпты.<br>Жұрттың қамын ойлаған,<br>Таңертең ерте тұрыпты.<br>Көріп жүрген жақсылар,<br>Қайырымдылығын біліпті.<br>Бір күні келіп жамандық,<br>Салыпты әбден бүлікті.<br>Тепкілеп әбден есікті,<br>Бүйірін біраз жырыпты.<br>Ауырып қалған есікке,<br>Балға досы кірікті.<br>Жағдайын көріп досының,<br>Шегеменен бірікті.<br>Жарақатын есіктің,<br>Екеуі бірге тігіпті.<br>Достарының жақсылығын,<br>Есік болса көріпті.<br>Жақсы менен жаманды,<br>Содан кейін біліпті.<br><br>**Сауат сашу рнегіздері**<br>Біз нені білдік?<br>**«Артығын тап»** ойыны<br>1. Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық. (асық) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зымырайды шанамыз.<br>**Қазақ тілі** Алақай, жаз келді! Хабарлы,лепті,сұраулы сөйлемдерді қолдану. **- Дыбыстық жаттығу**<br>аз-аз-аз Құдықты қаз.<br>Қаңқылдайды қаз.<br>Келіп қалды жаз.<br>Болып қапты жаз.<br>**Жазғы әңгіме:**<br>Шомылу шо- мы- лу Лу – лу - мынау шомылу<br>Немен жүзіп жүр?<br>Қайықпен Ық – ық қайық<br>Жазда ауа – райы қандай болады? Жаз ыстық. Тық-тық Ыстық. .<br>**Ойын: «Суреттерді топтау»** ойыны. Қима материалдардан жаз мезгіліне қатысты суреттерді табады, сөздерді педагогтің соңынан қайталайды.<br>Жұмбақ:<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.<br>(Бұлт) | білдіредіДизайнер журнал бойынша құрылыс үшін обектіні таңдауына ұсыныс жасайды, тапсырыс берушімен құрылыс жоспарын талқылайды. Жүк тасушылар жүкті жеткізіп ,жұмысшылар құрастырады оларға машиналар көмектеседі<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Буыннан сөздер құрастыру (ауызша) Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру». Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады.<br>– Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға)<br>– Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға)<br>**«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы**<br>Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрау.Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу..<br>Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). | арқылы қайталау.<br>1) Дауысты дыбыстар деген не?<br>2) Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?<br>3) Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>4) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**«Болады, болмайды» ойыны**<br>Күйші болуға ... (болады), Биші болуға ... (болады), Ерке болуға ... (болмайды). Серке болуға ... (болмайды), Пысық болуға ... (болады). Кішік болуға ... (болады), Әкім болуға ... (болады). Ақын болуға ... (болады),<br>Маман болуға ... (болады). Жаман болуға ... (болмайды) | Үш көзі бар құрылғы<br>Жолды реттеп береді.<br>Ол не? (бағдаршам)<br>**«Алғыс айта білемін»**<br>**Мың алғыс!** Алғыс айтам ардақты жан- Анама,<br>Жарық сыйлап өмір берген балаға.<br>Алғыс айтам асқар тауым-Әкеме,<br>Адам бол деп ақыл құйған санама.<br>Мың алғыс айтамын Әже саған,<br>Жан шуағын төгетін әркез маған.<br>Алғысымды айтамын мен Атама,<br>Көгерейін,батаңды бер ботаңа!<br>Алғысымды айтамын мен Ағама,<br>Қамқор болып әркез маған қараған<br>**Музыка**<br>Вальс ырғағындағы әуенді қабылдау<br>. . Музыкалық-ырғақты қимыл: **Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. | 2. Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие)<br>3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)<br>4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім)<br>5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе)<br>**«Сөйлемге қажетті сөзді қос» ойыны**<br>1.Көктемде жылы жақтан құстар ...<br>2. Дария ыдысты ...<br>3. Анам жұмыртқа ..<br>4. Аю балды ...<br>5. Орманда қасқырлар ...<br>6. Әкем қармақпен балық ...<br>7. Ернар қараторғайға ұя ...<br>8. Ағашқа торғайлар ...<br>9. Түлкі – өте қу ...<br>**«Жалпы атауын ата» ойыны**<br>1. Дәрігер, аспазшы, тігінші – ...<br>2. Гитара, домбыра, барабан – ...<br>3. Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш .<br>4. Автобус, трамвай, такси – ..<br>. 5. Хоккей, волейбол, футбол – .<br>**«Жалпы атауын ата-2 »** ойыны<br>1. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – .<br>. 2. Тау, ағаш, гүл, тас – ..<br>3. Қазан, қасық, кесе, тәрелке – ...<br>4. Қаймақ, ботқа, ірімшік, май – ..... |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау | Ойыншықтарды серуен жоспарына сай шығарылуын қарау. | Алаңда балалардың қимылды ойындарына,қимыл – қозғалысына кедергі болмайтындай орын ыңғайлы кең болуы шарт. | Желдің күші 15 м/с жылдамдықта болса серуенге шығуға тиым салынады,ягни ескеру керек. | Жәй қимылдап киінетін киінуді нашар меңгерген балалармен бірігіп жұмыс жасау. |
| **Серуен** | **Бақылау: Ауа- райын бақылау**<br>Мақсаты: Ауа -райына жүйелі түрде қадағалау жасау; маусымның сипатты белгісіне көңіл аударып және біріктіру; барлық жан жануарлардың белсенді өміріне, | **Бақылау: Күнді бақылау**<br>Мақсаты: Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру; күннің қозғалысымен шығуын қадағалауды жалғастыру, күннің ұзаруымен жылынуын белгілеу күн ұзын, күннің | **Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау.**<br>Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын | **Бақылау: Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты: Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру; Құмды жер ме,әлде сазды жер ме. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін | **Бақылау: Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты: Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру; Құмды жер ме,әлде сазды жер ме. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктердің өсуіне және жарығына, жылудың төгілуіне байланысты орнату. Маусым -жаз басы, алмалар гүлдеп болады, күннің төгілуі,ылғалдар -өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт-құмырсқалардың, құстардың келуімен байланысты; 22-маусым ең ұзақ күн, ең қысқа түн екенін атап өткен жөн.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Құмның үстіне құм себу және суару<br>Еңбекке қатысу , еңбекке баулу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»**<br>Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа, ептілікке баулу | көзі ұзақ тұрады, жоғары көтерілсе ыстық болып, онан сайын ысиды. Күнің төгілуі ,ылғалдар -өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт-құмырсқалардың, құстардың пайда болуымен байланысты орната білу.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Құмның үстіне құм себу және суару<br>Еңбекке қатысу , еңбекке баулу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:.**<br>**«Қуыспақ»**<br>Мақсаты: балалардың көңл-күйін көтеру. Ойынның барысы: ойын 2-3 баламен ойналады. | үнемдейтіндігімен түсіндіру.<br>Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.<br>**Тақпақ:**<br>Үлкенмін ғой мендағы, Ойыншықты жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын.<br>**Қимылды ойын: "Дәл тигізеді"**<br>.Мақсаты: Балаларды берілген нысанаға дұрыс көздеуді үйрету, дәлдік, мергендік қасиеттерін бойына қалыптастыру. Барысы: Балалар 3-4 топқа бөлініп тұрады | кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез оседі. Ұя жасап тақтайдан Талға апарып байладым Жыл құсының шаттанған Күттім қашан сайрауын<br>**Еңбек:** «Майда қиыршық тастарды жинау»<br>Мақсаты:Ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**Қимылды ойын: "Допты қағып ал"**<br>Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. | кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. Ұя жасап тақтайдан Талға апарып байладым Жыл құсының шаттанған Күттім қашан сайрауын<br>**Еңбек әс-әрекеті**<br>Атыз арасындағы шөптерді отау және жинау<br>Атыз маңайындағы жолдарды өз бетінше тәртіпке келтіру, тазалықты сақтау.<br>**Қимылды ойын: "Үйшіксіз қоян"**<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты: Балалар екі екеуден қол ұстасып үйшік болады. Бір бала ортасында қоян болады. Бір бала түлкі, қалған балалар қоян болады. Белгі берілген кезде қояндар қашып үйшігіне кіреді. Үйшігі жоқ қоян ұсталып, айыбын өтейді. Ойын қайтадан басталады. |
| **Серуеннен оралу,ойындар** | Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды,. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>«Табиғатпен үндестік»<br>Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пеп махаббатты Сезініп өмір сүреміз | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br>«Табиғатқа қамқор бол»<br>Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. | **Шығармашылық ойыны:**Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерін айтып беру. | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер. |
| **Балалармен жеке және топтық жұмыс** | Күрделі бейнелерді мүсіндеуге, қайшамен қиюға дағдыландыруды бекіту.<br>(Акниет, Ақжан) | Тәулік, уақыт ұғымдарын өмірлік қажеттілікке сай пайдалануды дамыту.<br>(топтық жұмыс) | Достарымен қарым – қатынас жасауды біледі, топпен жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.(Қ.Омар, Нұршуақ) | «Біреу», «Көп» ұғымын түсінбеген балалармен ойын ойнату арқылы меңгертуді бекіту.(топтық жұмыс) | Тапсырманы ауызша орындауын тексеру.(белсенді баламен жұмыс) |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың бүгінгі көңіл күйі туралы әңгімелесу. | балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы сойлесу. | баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі туралы айту,мадақтау. | Ата-аналарға кеңес: үйде дамытушы ойын бұрышын ұйымдастыру. |

Бекітемін: 06-10.11.23.
Оқу ісінің орынбасары: М.Ж.Мукановна

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Сарыкөл ЖОББ мектебі
**Топ:** мектепалды даярлық
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 06-10 қараша 2023-2024 жыл

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау, бала үні,** | -Балалар,бүгін мен сендермен, осындай әдемі,сүйкімді балалармен кездескеніме қуаныштымын! Қане, күніміз сәтті өтсін деп бәріміз бірге шапалақтайық!<br><br>**Әнұран айту** | Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға. Көңілді,ақ пейілмен, Қайырлы күн! Сәлеметсіздер ме? Дейміз біз.<br><br>**(амандасуды ұмыттырмау)** | **Бір-бірімізге жылы лебіз айтайықшы!**<br>-Үлкен болып өс!<br>-Күндей жылу шаш!<br>-Айдай әсем бол!<br>-Әркашан жолың болсын!<br>-Денсаулығың мықты болсын!<br>-Қуаныш тілеймін!<br>-Шаттық тілеймін!<br>-досымыз көп болсын! | **«Бауырсақтың көңіл-күйі қандай?»**<br>-Не себепті ашулы?<br>-Не себепті көңілді?<br>-Ендеше біздер ұнамайтын көңіл-күйімізді алып тастайық.<br>-Тек көтеріңкі көңіл-күй болсын!<br>(Кел,билейік,балақай! Әніне қимылмен билеу) | **«Кім тапқыр?»**<br>\Жақсы бала-тәртіпті<br>\Жақсы бала-тілалғыш<br>\Жақсы бала-ұқыпты<br>\Жақсы бала-әдепті<br>\Жақсы бала-мейірімді<br>\Жақсы бала-қайырымды<br>\Жақсы бала-...<br>(жалғастыру керек) |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Өз балаңызды жақсы көріңіз және басқа балаларды сыйлаңыз» (әңгімелесу)<br>Денсаулығы болмай тұрса баланы жібермеу ескеріледі. | «Балаңызды жетістігі үшін жақсы көрмеңіз,сол табиғи қалпында қабылдаңыз.Қателігі үшін ұрыспаңыз,басқа баламен салыстырмаңыз» (психолог кеңесі) | Баламен әңгімелесуге белгілі бір уақыт бөлу керек,іс-әрекетін бағалау.<br>(Осы төңіректе әңгіме жүргізу.) | Баланың жеке бөлмесі не болмаса бұрышы болуына жағдай жасау,әр жетістігі үшін мақтау керектігі жайлы кеңес. | **Отбасылық** мәселеге баланы араластырмау, Баланың өз жұмысын көрсете алатындай бұрыш жасауға ұсыныс. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Достық туралы мақал-мәтелдер айту:**<br>1.Достарды біз қолдаймыз Қиын сәтте қорғаймыз.<br>2. Жүз теңген болған ша Жүз досын болсын.<br>3.Досы көпті жау алмайды Ақылы көпті дау алмайды.<br>4.Бірлік болмай тірлік болмас. | **П\ж\о: «Асықтар дыбысы»**<br>Мақсаты:Көңілді әуенмен асықтарды бір-біріне соғу арқылы қандай дыбыс шығаратынын тыңдату | **Санау дағдысы**<br>Санауды біз білеміз, Сандарды да білеміз, Сондықтанда атамның Құстарынсанап береміз,<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, | **«Асықтардан пішіндер жасау»**<br>**Мақсатты:**Дөңгелек, үшбұрыш тәрізді пішіндермен таныстыру. Жылдамдыққа достық қарым қатынасқа тәрбиелеу. | **Дем алу жаттығулары «БОСАҢСУ ЖӘНЕ ҚАТАЮ»** - тік тұрып,қолдарын ілгері көтеру.саусақтарын жұдырыққа жұму,иық алдарының бұлшық еттерін қатайту (3-4 сек).Күшті болам деп ойлап тұру. Енді тұла бойыңды босаңсытып: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. Достық татулықтан басталады. | | Бірден санап шеш! | | колдарын төмен түсіру, түрлі кимылдар жасайды.<br>**«КҮН»** - балалар дөңгелене тұрып,колдарын күнге созады. Күн өз шуағын балалардың жүрегіне сыйлайды. Әр баланы күн нұрына бөлейді. Балалар күннен алған сәулелі жылуларын айналасындағы тіршілікке таратады. |
| **Таңертенгі жаттығу** | **-Түрлі бағытта жүру,жүгіру**<br>- Жай жүріспен жүру<br>Доп домалап топқа келеді.<br>Доппен ойын.<br>**Доппен жаттығу.**<br>-.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.<br>-.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.<br>-отыру.<br>Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.<br>-Допты ұстап секіру. | **«Жыланның қозғалысы»**<br>**1.** Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу.<br>Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет кайталау/<br>**«Қайшы»**<br>**2.**Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды кайшылау./6 рет<br>**«Жұлдызша»**<br>**3.** Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет / | **Таяқшамен жаттығу**<br>1.Аяқты алшақ қою, таяқша төменде, таяқшаны алға созу, жоғары көтеру, түсіру 5-6 рет.<br>2.Таяқшаны екі қолмен алға ұстау.Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу ,алға ұстау.Б.к 5рет<br>3.Таяқшаны екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею.Түзулену.5-6рет | **«Күн- түн»**<br>1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.<br>**«Иілгіштер»**<br>2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға карай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу. | **Айнаны сүрту»**<br>4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап,<br>1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту кимылын көрсетеміз.<br>5-6, қолды жоғары созып шапалақтаймыз.<br>**«Көбелек ұстау»**<br>5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»**<br>Мақсаты: суретті дұрыс анықтау,әңгімелеуге баулу.<br>Шарты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінің айту керек.. | **Достық**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы,<br>Достығымыз жарасқан<br>(тақпақ оқып беру,жаттап алуға баулу) | **«Ойыншыққа суреттерді табыңыз»**<br>Ойынның мақсаты: Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйренеді. Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауды біледі. | **«Жыл мезгілдері»**<br>Мақсаты: Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсінеді. Балалар жыл мезгілдерін ретін дұрыс көрсете біледі.<br>Жүргізілу барысы: Дайын суреттерге әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін жапсыру немесе салу. | **«Сиқырлы түстер»**<br>Мақсаты: ойын барысында балалар түстер мен реңктерге қызығушылық танытып, табиғат сұлулығын қабылдай алады.<br>Ойын барысы: балаларға түрлі-түсті квадраттар-мен карточкалар беру. Содан соң бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | оларды өшіреді. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсінік беру. Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерін сақтау.<br>**П\ж\о: « Бізде кім жақсы»** ойыны.<br>Мақсаты: сұраққа жауап беру арқылы шағын сөйлем құрауға үйрету.<br>Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды.<br>**Құр\ойын. «Мен тәртіпті баламын».**<br>Мақсаты: тақырыпқа сай қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру,сөйлемді дұрыс байланыстыра білвуге баулу.<br>Шарты:Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты балаға лақтырады.<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>**«ТАРАҚ»**<br>Жоғарғы тістер тілді тарайды.<br>**«ҚҰЛЫНШАҚ»**<br>Еріндерді созып, ауызды ашып,жіңішке тілмен тырсылдату.<br>**«КЕМЕ КЕЛЕ ЖАТЫР»**<br>Жымиып ауызды ашу,күшпен «–ы-ыы-ы» | **Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану.<br>барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру;<br>интонациясына байланысты сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлеуде қолдана білуді жетілдіру.<br>**П\ж\о: «Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?»** Ойын.<br>Мақсаты: ойыншықтар жайлы әңгімелеуге үйрету,сұрақ-жауапқа тарту,диалогтік сөйлеуге баулу,сұраулы сөйлемді сөйлеуде пайдалануға үйрету.<br>Шарты:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді деп әңгімелетеміз.<br>Суретке қарап әңгімеге тарту **«Кім жоқ?»** ойыны<br>Мақсаты: сұраққа жауап беру арқылы хабарлауға үйрету.<br>Шарты:. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемнің сөзден тұратынын түсіндіру<br>Суретке қарап әңгімеге тарту<br>**«Кім жоқ?» ойыны.**<br>Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады.<br>**«Сөйлемді дұрыс құрастыр»** ойыны.<br>Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып дұрыс сөйлем құрастыру керек.<br>Көше, жол,жүреді,мәшине<br>Аспан, ұшады, биік,ұшақ.<br>Мәшине, аурухана, тоқтады, жеделжәрдем.<br>Толқында, кеме, жүзеді,теңіз<br><br>**Математика негіздері**<br>7санының пайда болуы<br>Апта күндерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге үйрету.<br>**«Сипап сезу арқылы санау»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Дауыс қарқынын,екпінін реттеу<br>**БАЛАНЫҢ ДАУЫСЫН РЕТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br>(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )<br>**Майлыаяқ.**<br>Жайлау толы малды аяп,<br>Күзетіп жүр Майлыаяқ.<br>Жолатпайтын ешкімді,<br>Дауысы алыстан естілді:<br>**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**<br>«Тамақ жеймін ашпын д»,- деп,<br>«Қорқып иттер қашсын», -еп,<br>Құжірейтіп желкесін<br>Ырылдады қасқыр кеп:<br>**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Туыстық байланыс, жеті атасын білу<br>Ойын **«Кімнің заттары?»** (жақын адамдардың | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемді ауызша талдау,<br>**Дыбыстық талдау «АРА», «АНА», «АТА»** Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.<br>**«Сөйлемдерді толықтыру».**<br>Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап).(айтқан сhздерге ауызша дыбыстық талдау жасау)<br><br>**Математика негіздері**<br>"Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру<br>8 санының пайда болуы<br>**Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»** Педагог |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деп айту.<br><br>**Математика негіздері**<br>Сан және санау.<br>6 санының пайда болуы<br>**П\ж\о: «Адасқан сандар»**<br>Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру.<br>Мазмұны:<br>Тәрбиеші 2, 4, 1, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды. Кім тез атайды,сол жеңімпаз болады.<br>**Құр\о: «Сиқырлы қапшық»**<br>Қапшықта геометриялық пішіндер: Балалар қолымен ұстап, сезу арқылы қандай пішін екенін айтады.<br>4.Таяқшалардан әртүрлі пішіндер құрастыру.<br>5.Тәрбиеші 6 санына байланысты 6 күн, 6 түс, 6 шелпек ұғымдарын түсіндіреді.. 6 цифрын жазып үйрену, . 6 санының құрамын ажыратып, дәптердегі өзіндік жұмыстарды орындату.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Өлеңді мәнерлеп жатқа айту.<br>**«Менің ойыншықтарым»** (өлеңді жаттау)<br>Мақсаты: өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. | **Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>Бала,отбасы,үйі. Туыстық байланыс (өз жұрты,нағашы жұрты)<br>Туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін айтып беруге үйрету<br>**Ойын-жаттығу: «Күншуақ»**<br>Күлімдеген күн мейірімді,<br>Кіршіксіз қар мейірімді.<br>Таза мөлдір су мейірімді,<br>Мәпелеген ата-ана мейірімді. (қайталап айту)<br>**Құр\о: «Отбасы»**<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету.<br>Шарты: үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға арналған мақал-мәтел айтқызып,өз отбасы жайлы әңгімелеуге баулу..<br>Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу.<br>Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Мамандықтар.Ұлттық азық-түлік өндіру кәсібі жайлы альбом жинақтау.<br>**П\ж\о: «Кім көп сөз біледі?»**<br>Мақсаты: ұлттық азық – түліктерді атай және оны өндіретін кәсіп жайлы білуге баулу.<br>Шарты: сүттен жасалатын тағамдар- | Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>Мазмұны. Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Көркем шығарманы сахналау<br>Тақырыбы.**«Арыстан мен тышқан»**<br>Мақсаты таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру<br>**Жұмбақ ойын: «Айна».**<br>Тәрбиеші бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар тәрбиеші салған кейіпкердің көңіл | заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу.<br>Жеті ата:<br>Бала.Әке.Ата.Арғы ата.Баба.Түп ата.Тек ата.<br>**«Отбасы»**<br>Мақсаты: Балалардың отбасындағы мейірімділік, жауапкершілік, өзара түсінушілік сезімін арттыру.<br>**Суретті жұмбақтар ойыны**<br>Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Тәрбиеші үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар (отбасылық суреттер) карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады.<br>Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек.<br>Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Мамандықтардың ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**«Белгілі дыбысқа сөз таңда».**<br>**Ойын шарты:** Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.<br>Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә»дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі | «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді. Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттың қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді<br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды.<br>Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші....оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды.<br><br>**Құрастыру**<br>Ұлттық бас киімдерді,ыдыстарды қағаз цилиндрден құрастыру,оларды жіппен,ою-өрнектермен безендіру<br>«Сәукеле»<br>Мақсаты: Ою-өрнекті құрастыруға баулу,геометриялық пішіннің қайсысына ұқсайтындығын айыру.<br>П\ж\о: «Қазақтың ұлттық ер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **П\ж\о: «Бұл қандай ойыншық?»**<br>Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Еңбектеу түрлері<br>Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей өтуге үйретуді жалғастыру.<br>Доға астымен еңбектеуге (биіктігі 50 см) үйретуді жалғастыру<br>**«ТАСБАҚА»**<br>**Ойын шарты:**<br>Ойыншылар залда еден үстінде тасбақаға ұқсап жорғалайды. Тәрбиеші белгі берген кезде қолдарын, аяқтарын ішінің астына жасыруы керек.<br>**«ЖЫЛАНДАР»**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар сәл ілгері еңкейіп бір-бірінен ұстап тұрады. Берілген белгі бойынша кедергілердің үстімен өрмелейді. Барынша тізбекті үзбеулері керек, үзген бала ойыннан шығады. | айран,құрт,ірімшік,май екенін айту керек.Сүт өндіретін арнайы кәсіпорын болатынын білу керек.Тары,талқан жайлы білуі үшін сұрақтарға жауап беру керек. Ұлттық азық-түліктерді кім көбірек біледі,сол жеңімпаз болады.<br>**Тіл ұстарту жаттығулары**<br>Ән-ән-ән.<br>Қамба толы дән.<br>Әжем айтқан ән.<br>Құрайық әркез сән.<br>**Артикуляциялық жаттығулар**<br>**«ШАР»**<br>Ұртты толтыру, ауаның бәрін жинап ұртты жинау.<br>**№23 «ҚҰЙМАҚ ПІСІРЕМІЗ»**<br>Жымиып ауызды ашамыз, тілдің алдыңғы бөлігін төменгі ерінге саламыз.<br>Тілді бірқалыпты жағдайда санау арқылы 1-ден 5-ке дейін, одан кейін 10-ға дейін ұстап тұру керек.<br><br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау, шығарманың көңіл-күйін ажырату<br>**П\ж\о: «Үш гүл-үш түрлі көңіл-күй»** ойыны<br>Мақсаты:көңілді,мұңлы, сабырлы музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. | күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Тәрбиешіні балалар ауыстырып ойнауына болады. Тәрбиеші ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Тәрбиеші балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Өрмелеу түрлері<br><br>**Қим о: «КЕСІРТКЕ»**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар кесіртенің қалпын жасайды, екі жіптің ортасымен қолдарымен тіреп жорғалауы керек<br><br>**Кім зейінді?» ойын-**жаттығуы. Педагогтің | «Қ»дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды.<br><br>**Музыка**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын (ән, күй марш, би ) ажырату<br>«Күзгісеруен»<br>**Мақсаты:**Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазан» (П. Чайковский)<br>Ән айту<br>Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) | және қыз баланың бас киімдері»<br>Мақсаты:суретте көрсетілген бас киімдерді атау,ажырату.<br>Шарты:хатқалтаға салынған үлгілер беріледі,оларды атап қай кезде,қашанг киетінін айтып беру,жеке,жеке топтастыру.Және қатыстырып сөйлем құрау<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**«Өз жалауыңды тап!»** өрмелеу арқылы ойналатын жаттығу-ойын.<br>Мақсаты: балаларды айналаны бағдарлауға, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: Топтағы ойыншылар саны бірдей болуы қажет,жалауша түстері әртүрлі.Әр ойын біткен сайын жалаушамен тұрған бала ауыстырылып отыру керек.Ойын алаңының әр жерінде шеңбер болады,бір ойыншы жалауша алып шеңбер ортасына тұрады. Белгі берілген кезде ойыншылар шашырап жүгіреді,көздеріңді жұмыңдар дегенде көздерін жұмып отыра қалады,сол кезде жалауша ұстаған балалар орын ауыстырады.Жалауыңды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Шарты: әр балаға үш гүлдің суреті бейнеленген карточка беріледі,Гүлдер күлімсіреген,жылап тұрған,сабырлы кейіп білдіреді.Балалар шығарманы тыңдап,сәйкес карточкаларды көрсету керек. | бұйрығы бойынша тізбек және сапка тұрады. Сапка тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады. | | тап деген кезде жүгіріп адаспай өз жалауын табу керек. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Ауа-райын бақылау. (жаңбыр,жел,) | Серуенге қызығушылығын ояту,әңгіме жүргізу. | Ойынға, жаттығуға қажеті құралдарды дайындау. (доп,т.б) | Серуен кезіндегі ойнайтын ойын алаңын дайындау. (лас заттардан тазартып кою) |
| **Серуен** | **Аула сыпырушы еңбегін бақылау.** Мақсаты: Аула сыпырушының құралдарымен таныстыру, олардың неге ? қалай ? қолданылатынын білдіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге және олардан өнеге алып еңбеккор болуға тәрбиелеу. | **Ауа райын бақылау.** Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. **Қимылды ойын: «Кеглиді көздеп құлат»** Мақсаты: Ептілікке баулу | **Бақылау:**Жаңбырды бақылау. **Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. **Еңбек:**Ағаш түптерін копсыту. **Мақсаты:**Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. | **Бақылау:** Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. **Мақсаты:** Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. **Еңбек** : Құстарға жем сауыт жасау. **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық карауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. | **Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау. **Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. **Еңбек** : Ағаш түптерін копсыту, су құю. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. |
| **Серуеннен оралу,ойындар** | **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>**Біз, біз, біз!** | **Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы**<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, | Суретті тіл ұстарту:<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның қуыршағы тама (ша)<br>Са – са – са | **Ойын: «Лақтыр да,қағып ал»**<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің | **«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»**<br>Мақсаты:Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Апа, апа бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Қарындасым бұл сен бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br><br>Біздер тату жан ұя<br>**Иә, иә, иә!** | бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты: Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.<br>. | Қаскыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу) | берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»;- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды. | ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,бу ға айналады..<br>Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке жұмыс:**<br>Сап-сары боп келе жатқан ,Сезді мекен күзді олар .<br>Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру | **Жеке жұмыс:** Тақпақ « Жел »<br>**Мақсаты:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду | **Жеке жұмыс:**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. | **Жеке жұмыс:**<br>Ал керемет бұл қандай<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. | **Жеке жұмыс:**<br>« Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту.<br>(Күзгі жапырақтардың суретін салғызу)<br>**\сурет салу** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата –аналарға кеңес**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **.Психологтің кеңесі:**<br>мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.<br>Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Балалардың жұмыстарын ата аналарына көрсету әңгімелесу.<br>Тазалық шаралары жайлы кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз |

Бекітемін: [signature] 13-17.11.23.
Оқу ісінің орынбасары: М.Ж.Мукановна

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Сарыкөл ЖОББ мектебі
**Топ:** мектепалды даярлық
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 жыл 13-17 қараша

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні,** | **«Мен әдепті баламын»**<br><br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы гой.<br>Ал,кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге<br><br>Денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. Тазалығын тексеру.<br>Әңгімелесу:<br>**«Менің тобым»**<br><br>**Әнұран айту** | **«Қайырлы күн!»**<br><br>Қайырлы күн!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы күн!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы күн!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз!<br><br>**«Біз әдепті баламыз»** тақырыбында әңгіме жүргізу,диалогка тарту. | **«Біз бақытты баламыз»**<br><br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық,<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік.<br><br>**«Біз доспыз».**<br>Әңгіме.<br>Суреттерді көру<br>«Менің мектебім». | **«Нәр алып»**<br><br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік калайық!<br>Күнге карап шуактанып,<br>Суға карап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.<br><br>**«Сыйластық»** туралы өз ойларын сұрау<br>(сұрақ-жауап) | **«Қуан,шаттан!»**<br><br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін.<br><br>**«Мейірімділік гүлін»** тарату (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін таратады) |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-анаға қосымша кеңес:**<br>Мектепке дейін жүретін жолды демалыс күндеріде қыдырып жүру арқылы есте қалдыруға көмектесу. | **Ата-анамен әңгіме:**<br>Балаға тамағының түрлілігі мен нәрлілігін қатар ұсыну,яғни дәрумендерді үй жағдайында көп пайдалану керектігі жөнінде. | **Отбасындағы қайшылықты тәрбие-**<br>балада кулық,айлакерліктің дамуына әкеп соғады.Сондықтан отбасылық мәселені бала көзінше талқыламау керектігі жөнінде кеңес. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Достарының туған күніне балаңызбен бірге барып,өзін қалай ұстайтынын қадағалаңыз.(ұялшақтығы,тіл табысуы,шектен тыс еркіндік,т.б) | **Мектептен** кайтарда балаңыздан кіммен достасқаны,кандай ойын ойнағаны,не үйренгені туралы сұраңыз.<br>Жақсы істеріне қолдау көрсетіңіз.<br>(псих кеңес) |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шығармашылық ойыны:**<br>Фотосуреттер карастыру<br>Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»<br>Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру. | **Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ.**<br>1.Бірім, екім,<br>Алма текім.<br>Сапар айым,<br>Сар шымшық.<br>Балтаңды ал да,<br>Жүгіріп шық.<br>2.Біз санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы, | **Суретті жұмбақтар ойыны :**<br>Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Тәрбиеші үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап | **Саусақ ойыны :**<br>«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»<br>Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу. | **Үстел үсті театр ойыны :**<br>«Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру.<br>Балалармен құстар туралы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балан үйрек жалғасы. | жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді.. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Бірінің** артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.<br>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол жанда, өкшемен жүру. | **Бірінің** артынан бірі сапқа тұру.<br>Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.<br>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау | **Тыныс алу жаттығулары:** Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. | **Аяқтары** алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау.<br>Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4р)<br>Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру.<br>Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) | **«Бағдаршам»**<br>Шарты:<br>Балалар дөңгелене тұрады қызыл түсті көтергенде –балалар бір адым артқа жылжиды. Сары түсті көтергенде қол шапалақтайды, жасыл түсті көтергенде орнында тұрып жүреді. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер. | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>«Күлімдеген күн»<br>Күн күлімдеп нұр төкті,<br>Жақсы сөздер нұр септі,<br>Еске сақтап кеңесті,<br>Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге.. | **«Табиғат...»**<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | **Ойын– жаттығу:**<br>«Жуыну»<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Жаттау:**<br>Мынау менің -жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау басым -ақылды,<br>Барлық істі басқарған.<br>Мынау менің- оң қолым,<br>Мынау менің-сол қолым<br>Барлық істі атқарған. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Жай сөйлемді сөздерге бөлу.<br>П\ж\ойын:<br>**«Көп ойла, сөз ойла» ойыны**. Балалар екі топқа бөлінеді.<br>Бірінші топ үй жиһаздарын атайды.<br>Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады.<br>**.Құр\о: «Қызық екен» ойыны**<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен | **Сөйлеуді дамыту**<br>Зат есім,жалпылауыш сөздерді қолдану<br>**П\ж\о: «Кім жылдам?»**<br>Мақсаты: себетке көгөністерді жинайды, атайды,сипаттайды.<br>Жалпылауыш сөздерді қолдануға үйрету.<br>**«Жеміс-көгөніс дүкені»**<br>демонстрациялық материалдармен жұмыс.Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды.<br>Тәрбиеші алдымен өзі айтады:Дүкенде қияр бар.Дүкенде қызанақ бар<br>**Құр\о: «Ғажайып қоржын».** | **Сауат ашу негіздері**<br>Жазу дағдылары<br>**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.**<br>Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.<br>Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын | **Сөйлеуді дамыту**<br>Сөз мағынасы<br>**Тақырыбы** Отбасының күзгі еңбегі<br>**Мақсаты:**Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту,сөз мағынасын түсінуге үйрету.<br>Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды:<br>«Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр».<br>Жапырақтардың түстері қандай?<br>Бақшада кімдер жүр?<br>Бақшадағы балаларға ат | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөзге ауызша сөйлем құрау (жазу дағдысын бекіту)<br>**П\ж\о: «Паравоз»**<br>Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, айтылған сөзге ауызша сөйлем құрауға үйрету.<br>Шарты: паравоздың басы болып жүрген бастаушы бала кез келген бір сөз айтады, қалған балалар сол сөзге ауызша сөйлем құрап вагонды жалғастырып дұру керек Мысалы, доп-мен доппен ойнадым.т.б.<br>**«Жасыру» саусақ ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі,топтар кезекпен жауап береді.Әрбір жауап бір ұпай.<br>**Тапсырма**.Күз тақырыбы бойынша сұрақтар:<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?<br>Күз айларын ата?<br>Күз туралы тақпақ оқы?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br><br>**Математика негіздері**<br>9 санының пайда болуы<br>**П\ж\о: «Кім жылдам»**<br>Мақсаты: балаларға тура,кері санау дағдысын бекіту.<br>Шарты:Балалар шеңбер бойына тұрады. Ортада тәрбиеші допты қай балаға лақтырса, сол допты ұстаған бала кез келген тсанды айту керек және допты келесі балаға берген кезде допты алған бала айтылған саннан кейінгі санды жалғастыру керек.<br>**Құр\о: «Кім тапқыр?».**<br>Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.23415 7 6 10 8 9<br>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10<br>9 8 7 6 5 4 3 2 1<br>**Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».** Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау,төмен кері санау(қол моторикасын дамыту).<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Кейіпкердің қимылын, мимикасын беру.<br>**П\ж\о: «Кім екенін тап!»**<br>Мақсаты: суреттегі бейнені іс-қимылмен көрсету және табуға үйрету.<br>Шарты: Бұл ойын бойынша | Қоржынның екінші жағын ашады.<br>Тәрбиеші жемістерді бір-бірлеп алады,жаңа сөздермен таныстырады.<br>Күз мезгілінде жемістер піседі.<br>Мынау–өрік.Ік-ік –міне,өрік.<br>Мынауне?<br>Мынау–өрік.<br>Өрік–жеміс.<br>Өрікне?<br>Өрік–жеміс.<br>Өрікдәмді.<br>Өрік қандай?<br>Өрікдәмді.<br>Мынау–анар (бәрін бір сөзбен жалпылама аталатынын айтуға үйрету)<br>**Қоршаған орта**<br>Отбасы мүшелеріне қамқорлық (сыпайы сөйлеу, алғыс айту)<br>**"Туғандар мен туыстар. Өзара сыйластық»**<br>ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру; туыс,туысқан ұғымы жайлы түсінік беру; туыстарға деген сыйластық қарым қатынастарын дамыту; өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**. Ойын:«Біз кішкене отбасы»**<br>Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.<br>**«Мұны қайдан сатып алуға болады?»** Балалардың әр түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін ныгайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері (әр түрлі азық түлік дүкендері болады: «Көкөніс-жеміс», «Нан», «Сүт тағамдары»; «Аяқ киім», «Киім», «Маталар», «Балалар әлем», «Спорт киімдері»); дүкендерді ажырата білуге, | шынашақтан бастап көтереді.<br>Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды.<br>Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.<br>Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр.<br>Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек.<br>Екінші қолмен көмектесуге болмайды.<br><br>**Математика негіздері**<br>Затқа бір затқа қосу,көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңсіздік шығару.<br>**П\ж\о:**<br>**«Қуыршақтардың сыйлықтары»**<br>Мақсаты:Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру. Ойын ойнау арқылы шапшаңдыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.<br>Шарты: қуыршақтың сыйлықтарына сыйлық қосып санайды,көп заттан біреуін қуыршақтың досына беріп,салыстырады, санайды.<br>**Құр\о: «Қанша дыбыс естілді»** Математикалық терминдерді қолдануды жетілдіру. 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын | қойындаршы?<br>Бақшада балалар не істепжүр?<br>Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды.<br>**П\ж\о: «Сөз жарыс»**<br>– Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті каламнан беріліп отырады).<br>Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Отбасы мүшелеріне көмек көрсету<br>**«Менің отбасым»** (әңгіме)<br>Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу.<br>**Құр\о: :«Суретші қай жерде қателесті?»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>Шарты: суреттегі отбасы мүшелерін ретімен орналастыру,әр отбасы мүшелеріне сай заттарын қою.<br>**Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>**Біз, біз, біз!**<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Қарындасым бұл сен бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Біздер тату жан ұя<br>**Иә, иә, иә!** | **Ойын шарты**: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.<br>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.<br>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.<br>Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз.<br>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br><br>**Математика негіздері**<br>Теңдік туралы түсінік<br>**П\ж\о: «Көрмей санау»**<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>Шарты:заттарды теңестіруді үйренеді,екі топтағы заттарды теңестіріп санау керек.<br>**«Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?»**<br>Мақсаты: Артық-кем ұғымдарын бекіту. Апта тақырыбы бойынша жұмбақтар шешу арқылы ой - өрістерін дамыту<br><br>**Сурет салу**<br>Заттардың пішіндеріне,өлшемдеріне қарай түстерді үйлестіру.<br>Пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету.<br>**«Қоржынды сәндейміз»**<br>Мақсаты: :- -қазақ оюларының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар жиналып тұрады,бір баланы есік сыртына шығарады.Қалған балаларға суретті көрсетеді,сырттан кірген балаға сол жануарды қимылмен көрсету керек,кірген бала табу керек.<br>**Құр\о: «Диктор»**<br>Мақсаты: баланың назары мен байқағыштықтарын дамыту.<br>Шарты: Бала топта отырған баланы суреттеп береді,қалғандары кім екенін табу керек.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Бұрыштар» еңбектеу арқылы өз бұрышына тез жету<br>Доғаның астымен төрт тағандап, допты басымен итеріп еңбектеуге үйрету<br>**Қим\о:«БАЛАПАНДАР»**<br>**Ойын шарты:**<br>Ойыншылар үш топқа бөлінеді, әрбір топта тауық балапандарымен болады. Таңдап алынған лашын құстар балапандарға алақандарын тигізу қажет.Ал тауық балапандарын қорғап тигізбеулері керек. Шабуыл кезінде тауықтың қолы құсқа тисе ойыннан шығады, құста солай. Ойын жалғаса береді.<br>**К\о: «КӨҢІЛДІ ЖАРЫСТАР»**<br>**Ойын шарты:**<br>Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Бірінші топ бас жаққа қатарласып тұрады. Дабыл бойынша жолдағы кедергілерден өтіп, мәреге жетуі керек. Тізелеп отырып кедергілер арасынан өту, аяқ арасынан допты қысып өту, гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту.Екінші команда да осыларды орындайды. | ата аналарымен бірге сауда жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басы,ортасы,соңы)<br>**Тіл жаттығулары**:<br>**«Аударыспақ»**<br>Мақсаты: -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;<br>-сөздік қорын байыту;<br>-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;<br>-балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету;<br>-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;<br>-дыбыстың сөздегі орнын тауып айту;<br>-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;<br>-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;<br>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br><br>**Музыка**<br>Шығарманың жеке фрагменттері (кіріспе.қайырма)<br>**К\о: «Музыкалық моншақтар»**<br>Шарты: Жетекші шағын әнді орындайды,ал балалар музыкадағы қысқа және ұзақ дыбыстарды табу керек және қайырмасын айыру керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші түрлі-түсті моншақтармен белгілеуге болады. Ягни ұзақ дыбысталса үлкен моншақты көрсету,қысқа дыбысталса | қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Жанрларды (өлең, әңгіме ,ертегі) ажырату<br>**«Әже»** тақпағын жаттау Автор. Ә.Қайран (хрестоматиядан,9 бет)<br>Мақсаты: бұл өлең екенін түсіндіру.Жанрларды ажыратуға баулу.<br>**«Шие тергенде»** (әңгіме) Хрестомадиядан,16 бет.<br>**«Маша мен аю»** (ертегі) (хрестом,71 бет)<br>**П\ж\о: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».**<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, зейін қоя білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:**<br>Шығармалардағы (өлең,ертегі,әңгіме) кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.<br>Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә»дыбысына;<br>«Маша » дегендегі «М»дыбысына;<br>«аю» және «шие » деген сөздегі «а және ш » дыбысына сөз ойлайды<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Қайта кел де,алып кет!» жүгіру жарыстары.<br>**Мақсаты:** Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге | **Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>Азық-түлік атауларын дұрыс атау(тары,талқан,бидай,.т.т)<br>**Тақпақ оқу** (қайталап айтқызу) Тары егесің терлеп, Мұның аты – еңбек Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты – еңбек Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.<br>**«Дәмін татып,атын ата!»**<br>Мақсаты: ұлттық тағамды дәмінен айыруға,жасалу жолын білуге үйрету.<br>Шарты:берілген ыдыстағы тағамдарды білетіндер атайды және дәмін татады.<br>**Тіл жаттығулары**:<br>Ертегідегі шалқан, ша-ша-ша.<br>Ұлттық тағам- талқан, та-та-та<br>Күзгі жапырақ сары, Са-са-са.<br>Шайға салып ішеді, Та-та-та, тары.<br><br>**Музыка**<br>Әуенді тыңдау арқылы есте сақтау<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазан» (П. Чайковский)<br>Ән айту<br>Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан.<br>**П\ж\о: «Әуеннің дыбысын ажырат»**<br>Мақсаты: балалардың дыбысты есту,есінде сақтау қабілеттерін дамыту,аспаптардың дыбысын ажыратуға үйрету.<br>Шарты: Ойынға қатысушы | көп түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға коржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру;<br>-аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру<br>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру<br>--Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. (топтық жұмыс)<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Тоқта,өткел!» көз байлап жүру арқылы ойналатын ойын – жаттығулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кіші моншақты көрсету. | жаттықтыру.<br>Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру<br>П\ж\о: **«Жолақтарға аттап секіру»**<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру.<br>Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды.<br>**«Кім зейінді?»** ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады.<br>Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады.<br>Сызық алдына екі тізбекке тұрады. | балалар саны бойынша бірдей ,түстері әртүрлі қоңырау суреттері беріледі. Тәрбиеші аспаптардың төмен, жоғары, орташа дыбыстарын тыңдатады. Балалар төменгі дыбыскаа қызыл қоңырау,орташа дыбысқа сары, жоғарғы дыбысқа жасыл қоңырауды көрсетуі керек. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу | Балалардың реттілікпен киімдерін киінуі | Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын ескерту. | Балалармен құстар туралы әңгімелесу. | Ойын құралдарын дайындау |
| **Серуен** | **Бақылау:**Жәндіктерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, | **Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру.<br>Жаңбырдың пайдасы , | **Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын | **Бақылау:** Тұманды бақылау.<br>**Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.<br>**Еңбек** : Ағаштардың түптерін | **Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау .<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>« Қыстың қамын жаз ойла » .<br>**Еңбек** :Біздің алаң.<br>**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br><br>Дербес ойындар:<br>1.Әткеншек тебу.<br>2.Ирек жолмен жүру | жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>**Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br><br>**Қ\Ойын: « Қояндар секіреді »** .<br>Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. | құбылыс өсімдіктерге әсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек** :Біздің ойын алаңы<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br><br>Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:<br>1.Жарысу.<br>2.Төбешікке секіру. | қопсыту.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.<br>.<br>**Қимылдық ойын:«Кім тезірек?»**<br>**Мақсаты:**Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. | кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.<br>**Еңбек** :Біздің аула<br>**Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.<br><br>**Қимылдық ойын:** . « Қимақ » .<br>**Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » ,-дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады |
| **Серуеннен оралу,ойындар** | **«Салат» саусақ ойыны.**<br>Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) | «Қорықпаймын сенен»,-деп,<br>«Сазайыңды берем»,-деп,<br>Дірілдетіп қасқырды<br>Айбатын ит асырды:<br>**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?<br>Өзара екі топқа бөліңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) | **Күз туралы өлең.**<br>**Күзгі жапырақтар**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырықық.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап<br>(жаттау) | **«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**<br>**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейінін тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады | Артикулыциялық жаттығулар:<br>**Балықтар**<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды! |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке жұмыс:***<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйған,<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр) | ***Жеке жұмыс:***<br>**Тыйым сөздерді жаттату.**<br>**Мақсаты:** « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру | . ***Жеке жұмыс:***<br>**Мақал-мәтел.**<br>Таза болса- табиғат,<br>Аман болар – адамзат.<br>**Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. | ***Жеке жұмыс:***<br>« Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту.<br>(күзгі ағаштың суретін салғызу) | ***Жеке жұмыс:***<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру<br>.(бұлтты мүсіндеу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **...лалардың үйге қайтуы** | **Психологтің кеңесі:**<br>мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз | . Әңгіме:<br>Балалардың жұмыстарын ата аналарына көрсету әңгімелесу | .Ата-анаға кеңес:<br>Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ бол | Ата-анамен әңгіме:<br>Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

**Бекітемін:** [signature]
**Оқу ісінің орынбасары:** Ж.Муканова
**Мектепалды даярлық сынып**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 2024 жыл 11-15наурыз

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні,** | **Ойын: «Күншуақ»** Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді «Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.**<br><br>**Әнұран айту** | Сыйластық туралы өз ойларын сұрау **Ойын: «Мен қандаймын?»** (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.) Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады) **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.** | **« Бізде кім жақсы?»** ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды | **« Менің досым»**ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды. **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | **«Отбасы»** Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: отбасы мүшелеріне қамқор болу,мейірімділік таныту.** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға баланың қауіпсіздігі жөнінде кеңес беру | Балаға үйде ертегі оқып беру керектігін айту | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту | Мерекелік демалыс күндер жайлы ескерту. Тақпақтар беру |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Тігінші. Сән үйі»** сюжеттірөлді ойыны «Суретшінің қателерін табайық» дидактикалық ойын. Мақсаты: Суреттегі қыс ерекшеліктерін танып білуге үйретуді жалғастыру | **«Қолымда не бар?»** Ойынның мақсаты: ұзынқысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. | **«Танып ал да, атын ата»** Ойынның мақсаты: рәміздер туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілетін дамыту. Құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | **Д/ о: «Адасқан цифрлар»** Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. Мазмұны: Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды. | **Д/ о: «Сиқырлы қапшық»** Қапшықта геометриялық пішіндер: Балалар қолымен ұстап, сезу арқылы қандай пішін екенін айтады. |
| **Жаттығулар кешені** | **«Қолдар».** Күшті болсын қолдарым, Қысып-қысып аламын! Қолдарын шынтақтан бүгіп ұстап, қол басы, жұдырығын біртіндеп жылдамдата қысып, қайта | **«Ұшу».** Құсқа ұқсап ұшамыз, Жерді көктен құшамыз! Бір орында тұрып, қолдарымен құсша ұшады. Көздерін жұмып, қанатын қағып, қаншалықты биіктікке ұшып | **«Тыныштал».** Көзді жұмып тұрамыз, Біртіндеп барып тынамыз. Басбармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. | **Тізбекпен кедергілер алабынан өту.** Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан | **«Мерген болғым келеді»** Мақсаты: а) Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | босатып, бірнеше рет қайталайды. Қолдары шаршағанша жаттығады. Болған соң қолдарын босатып, сілкіп жібереді. **«Білезік»**. Уқаладым білезікті, Болсын деп буыным мықты. Оң қолмен сол қолдың білезігінен ұстап, аздап уқалау. Сосын керісінше қайталау. | бара жатқанын елестету. **«Алақан»**. Алақаннан қатты бас, Күшің тасып сарқылмас! Бір қолдың жұдырығымен екінші қолдың алақанын **«Бұрғылау»**. Қолдарын ауыстырып алып, екінші қолмен керісінше орындау. | Демін асықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу. Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпай ішке тарту. Екі қолмен қатар орындау. | өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек.<br><br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.** | лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Әңгімелесу**<br>**"Мен көшедемін"**<br>Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту. Бөгде адамға жолама әңгімелесу | **«Үйде жалғыз қалғанда»** тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б | **Д/ о :«Жанды және жансыз табиғатты ажырат»**. Жер,су,ауа.<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. | **Мақал – мәтел талдау, нақыл сөздер, жұмбақтар шешу**<br>Еліміздегі көрікті жерлердің суретін тамашалау<br>Мозайка,пазлдар құрастыру<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту** | **Сөздік ойын. «Қимылын көрсет»** Қарап алда есіңе сақта.<br>Мақсаты: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жануарларының,аңдардын және құстардың жалпы аттарын айтқызу |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.<br>Гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуге жаттықтыруларын 91 жалғастыру, қолдарын шираq бүгіп, денесімен тартылу, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын және қол бұлшық еттерін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»** Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады.<br>**«Кімнің добы алысқа ұшады?»** ( 3 рет). Допты | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Киіз үй құрылысы мен ішкі жабдықтары<br>**«Үй мен киіз үйдің айырмашылығын ата»**<br>Мақсаты: ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Кереге** – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>**Шаңырақ** – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>**Уық** – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады.<br>**Киіз** есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады.<br>**Абажа** – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, | **Көркем әдебиет**<br>Әдеби жанрлар (әңгіме, өлең, ертегі) ажырату<br>**Санамақтар, мақал – мәтелдер,** жаңылтпаштар, жұмбақтар, баланы ойландырып, толғандыратын өтірік өлеңдер, ертегі, аңыз әңгімелердің қай – қайсысы болмасын баланың сезімін селт еткізеді.<br>**Дидактикалық ойын «Шынжырға ертегілерді жинайық»**<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Шарты:**Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады. **Мысалы:**"Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық | **Математика негіздері**<br>Қозғалыс бағыттары<br>**«Сол жақта – оң жақта»**<br>Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Ойыншықтарды, заттарды сипаттауда нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау<br>**Сағат,** доп, айна, кітап, үстел, орындық, кілем, сөре, сүлгі, ойыншықтар. Балалар қолдарын шапалақтау арқылы педагогпен бірге бөледі, неше буыннан тұратынын анықтайды. О-йын-шық-тар.<br>**«Кім ақылды?»**<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: – | **Дене шынықтыру**<br>Жеке бас гигиенасы мен күн тәртібінің маңыздылығы<br>**«Мейірімділік деген не?» ойын-тренингі** Әрқайсысымыздың жүрегіміз мейірімге толы. Бір-бірімізге қарап, жылы сөздер айтайық. Мен бәріңе денсаулық тілеймін! Мен бәріңе мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>«Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару.<br>**«Командалық эстафеталар»** (таза ауада) Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушылықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу. Ойын жаттығуы: «Еркін тыныс ал, көркем ойла! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр. – Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. – Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді. – Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр. Қасқыр: – Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. – Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. – Мысық, мен сені жеймін, – дейді. – Мені тойдыр, күшік. – Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. – Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? – Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік: – Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: – Әй, мақтаншақ, әліне қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді..<br>**Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал».**<br>Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Туыстық қарым-қатынасты бекіту.**<br>«Аға-іні», «нағашы», «бөле» (жаттау,12-13 б)<br>**АҒА-ІНІ**<br>Мен қайсар қазақтың ұлымын,<br>Ел қорғар қазақтың бірімін. | тақпақ .<br>Көк асық алған бала өлең оқиды.<br>**Музыка**<br>Музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдау<br>Тақырыбы: **«Киіз үй қонаққа шақырады»**<br>Мақсаты: Ұлттық музыкаға, қазақ халқының дәстүрлеріне қызығушылықты және махаббатын дамыту.<br>Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады.<br>Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br><br>**Музыкалық-ырғақты** қимыл: Лентамен жаттығу.<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту<br><br>**Құрастыру** Табиғи материалдардан бұйымдар жасау<br>**«Қамшы өру»** Қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру; дербестік, шығармашылық таңытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Ұсақ заттар жасауды көрнекіліктерді қолдану арқылы және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жасай білуді дамыту.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық** | аспандап, бұлтта отырып ойнапты. Саусақтарын маңдайдың ортасынан самайға қарай жүргізеді. Қабының түбі тесіліп, ұны төгіліп қалыпты. Беттеріне саусақпен ақырын жыбырлатады. Балалар оған қуанып, бауырсақ жасап илепті. Жұдырығын түйіп, бас бармақтарымен мұрынның шеттерін уқалайды. Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтарын жазып, құлақтарының алды мен артқы жағын уқалайды.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін а**<br><br>**Сауат ашу**<br>Ойнай отырып оқимыз<br>**«Кері іс-әрекетті айт»** ойыны<br>1. Әкем киімін киді, інім ...(шешті)<br>2. Анам отырды, әкем ... (тұрды)<br>3. Анар отырды, Ажар ... (тұрды)<br>4. Асан кірді, Қасан ... (шықты<br><br>**«Жалпы атауын ата»** ойынын педагог ойнатады.<br>1. Автобус, такси, трамвай – ... (көліктер)<br>2.Қыс, көктем, жаз, күз – ... (жыл мезгілдері)<br>3. Кептер, қарға, сауысқан – ... (құстар) 5. Қызанақ, қияр, қызылша – ... (көгөністер)<br>**«Кім көп сөз ойлап айтады?»** дидактикалық ойыны –<br>Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар, сөздерді | болып келеді:<br>**Дид/ойын «Сөйлеп тұрған кім?»**<br>-Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы:<br>1)Балмұздақ сатамын!Балмұздақ! 2)Жүрініз қай жаққа апарып тастайын? 3) Қай жеріңіз ауырып тұр?Қазір ыстығыңызды өлшейін. 4)Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін? 5)Бүгінгі сабақта біз балалар күзгі табиғат туралы әңгімелесеміз. 6)Мен манты жасап жатырмын,қазір дайын болып қалады. Ойын: «Қай мамандық иесі?» - Тарағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (шаштараз) - Қалағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (Құрылысшы) - Ожауы бар қолында, імді айттым ойымда? (Аспаз<br>**Музыка**<br>Дауылпаз,асатаяқ,,сырнай аспаптары<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы сыбызғы»**<br>Мақсаты: Қазақ халқының аспаптарының тембрлық үні туралы бейімдерін кеңейту. Қазақ халқының музыкалық мәдениетіне деген тұрақты қызығушылыққа тәрбиелеу.. Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің<br>1 – ші шумағын айтады.<br>2 – шумақты «Соқыр теке» айтады.<br>2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын | күшті жыртқыш ан..<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Наурыз** ( Қ. Баянбай өлеңі) мәнерлеп айту Наурыз жаңару мерекесі Жақсылық", "үйлесімділік" құндылықтарының мәнін ашу. Наурыз мерекесінің ерекшелігін түсіндіру. Жақсы қарымқатынастарын дамыту. Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде – жаз,<br>Түнде қыс<br>Секілді екен наурыз.<br>Төлдеп жатыр малымыз,<br>Қазан толы сары уыз.<br>Сүті көп те,<br>Көмірі аз<br>Болады ғой наурыз.<br>Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарқанда дәміміз.<br>Көжесі көп,<br>Қыры көк<br>Қандай жақсы наурыз!<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Дайын суреттермен жұмыс<br>Кеңістіктік қатынас орнатуды, қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету. Сурет салу арқылы ырғақты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету.<br>**«Жұп құр»** ойын-жаттығуы<br>Тәрбиеші тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Тәрбиеші тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, күрек-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өзімнен кішіге ағамын,<br>Өзімнен үлкенге інімін.<br>Үлкенді сыйлаймын «ағалап»,<br>Ақылын тыңдаймын<br>бағалап.<br>Соларға қараймыз бой түзеп,<br>Боламыз біз үлкен азамат!<br>**. НАҒАШЫ**<br>Нағашы деген ел бар,<br>Ол Анамның жұрты.<br>Жиендерге қамқор,<br>Мінгізер тіпті жылқы.<br>**БӨЛЕ**<br>Бөле деген қауым,<br>Өз алдына бір ауыл.<br>Аналардан бөлінген,<br>Бір-біріне бауыр.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>– Қ-Қ-АҚ – АС – ЫҚ –<br>АСЫҚ. – Қ-Қ-ҚЫ – ҚЫ –<br>ЗЫЛ – ҚЫЗЫЛ АСЫҚ<br>**Ойын «Ақырын-қатты»**<br>ойынын ойнату.<br>Тәрбиеші ақырын айтқан<br>сөзді балалар дауысын<br>каттырақ шығарып айтады<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | **мұраға ұқыпты қарау.**<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздің дыбыстық сызбасы<br>**«Дұрыс тап»** дидактикалық<br>ойыны – Балалар, мен тақтаға<br>сызба ілемін, сендер мен<br>айтқан дыбыс сөздің қай<br>жерінде тұрғанын, яғни<br>басында, ортасында, соңында<br>тұрғанын тауып,<br>төртбұрышты бояйсыңдар.<br>Сендер бір төртбұрыштың бір<br>дыбыс екенін білесіңдер. Л<br>дыбысын орнан анықтаймыз.<br>Мысалы: (п) піл, апа, қап.<br>Есімізде сақтаймыз: берілген<br>дыбыс сөздің басында,<br>ортасында, соңында болуы<br>мүмкін.<br>**«Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы**<br>Тәрбиеші сөз сызбасын<br>тақтаға іледі. – Балалар, піл,<br>апа, қап сөздерінде «п»<br>дыбысы қай жерде<br>орналасқанын табайық.<br>Сызбаларға белгілейік.<br>Балалар піл сөзінде «п»<br>дыбысының бірінші<br>тұрғанын, апа сөзінде<br>ортасында тұрғанын, қап<br>сөзінде соңында тұрғанын<br>айтады | шапалақпен буынға<br>бөліндер, қанша буын<br>атасындар.<br>– Нан, нар, ну, нарын,<br>немене, не, неге, нағыз,<br>Нұрлан, Нұргүл, неке,<br>нақ, неліктен.<br>–Р дыбысынан<br>басталатын сөз ойландар.<br>Кім көп сөз ойласа, соған<br>бір фишкадан беріліп<br>отырады.<br>–Радио, рауғаш, рас, рет,<br>резеңке, рең. Ойын<br>соңында фишкаларды<br>санап, жеңімпазды<br>анықтайды. | айтады, ойын қайталанғанда<br>ұсталған бала «Соқыр теке»<br>болады. Егер ұстай алмаса<br>«Соқыр теке» өзі болады.<br>Соқыр теке, бақ, бақ Біз<br>айтамыз тақпақ. Мықты<br>болсаң қанекей, Бірімізді тап,<br>тап.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br>**Ән айту.** «Тұлпарым» Әннің<br>мәтінін үйрету. | ине.<br><br>**«Тиісті белгіні көтер»**<br>дидактикалық жаттығуы<br>Тәрбиеші жуан, жіңішке дауысты<br>дыбыстарды араластырып айтады,<br>балалар жуан дауысты дыбысты<br>айтқанда, сары түсті дөңгелекті,<br>жіңішке дауысты дыбыстарды<br>айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті<br>көтереді |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығамыз деген<br>нұсқаумен барлық балалар<br>орындарына тұрып киімдерін<br>ұқыпты киіне білулерін<br>қалыптастыру. Киіну ретін<br>білу ( ауа-<br>райынабайланысты), дұрыс<br>киінуді бақылау) | Балаларды табиғатпен<br>таныстыру. Табиғат<br>құбылыстарын ажырата білу. | Серуен кезінде<br>ұйымдастырылған<br>еңбек тәрбиесі арқылы<br>еңбек-сүйгіштікке баулу. | Балалардың өзіндік қозғалыс<br>белсенділігі үшін жағдай<br>жасау, спорттық-ойын<br>жабдықтарымен және<br>спорттық керек-жарақтармен<br>балалармен әңгімелесу. | Балалалардың серуенге деген<br>қызығушылықтарын туғызу,<br>балалармен жеке әңгімелесу |
| **Серуен** | **Бақылау:** Табиғатты<br>өзгерістерді бақылау (жел,<br>салқын, жаңбыр,қар т.б.)<br>**Мақсаты:** Ауа райындағы<br>өзгерістерді аңғарып айта<br>білуге баулу. Олардың жыл | **Бақылау:**алғашқы көктем<br>белгілерін<br>**Мақсаты:** Ауа райына көңіл<br>бөліп, байқау өткізуле<br>рін ұсыну. Серуендеп келген<br>балаларға бүгін өздері көріп, | **Серуенге қызығушылық туғызу.**<br>Балалармен жеке әңгіме.<br>Қардың алғашқы еруін<br>бақылау Балалардың<br>назарын қардың алғашқы | Серуенге қызығушылық<br>туғызу.<br>Балалармен жеке әңгімелесу.<br>**Жылғалар мен шалшықтарды бақылау.**<br>Балаларда қардың еруінен | **Күнге бақылау жасау**<br>Күннің аңыздылығы адам өмірінде<br>өсімдік пен жануарлар әлеміндегі<br>алатын орны жайында түсінік<br>қалыптастыру. Күн көзінің көктем<br>кезіндегі белсенді өзгерісін көруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын білгізу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Шеңберге дәл түсір»**<br>**«Тышқан мен мысық»**<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңымызды жинастыру.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | бақыла<br>ған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.<br>**Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар»**<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын қалыптас-тыру.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру** | еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді.(ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю.<br>Байқампаздықты дамыту | пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау.<br>**Қимылды, еркін ойындар** | үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын).<br>Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>**Еңбек:**<br>құстарға қомқорлық жасап жем шашу.<br>**Қимылды, еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу,ойындар** | **«Құмырадағы гүл»**<br>**Мақсаты**: Балаларға құмырадағы гүлді жапсыруға үйрету.<br>Достық пен жаңашырлыққа тәрбиелеу, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достарына қамқор болу,мейірімділік таныту.** | **Тіл ұстарту**<br>Пан – пан – пан,<br>Сап – сары балапан.<br>Ұс – ұс – ұс,<br>Ұшты үлкен құс.<br>Ғай – ғай – ғай,<br>Жем шоқиды торғай.<br>Ға – ға – ға,<br>Тал басында қарға.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту** | **Мимикалық жаттығу**<br>**Мақсаты:** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту. Балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялар мен білдіруге үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын: «Домино»**<br>**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар. | **Саусақ ойыны:**<br>**Жүретін саусақтар.**<br>**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br>Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.<br>**Ойын шарты**: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс.***<br>Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру. | ***Жеке баламен жұмыс.***<br>Сиқырлы қарындаштар.<br>Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау. | ***Жеке баламен жұмыс.***<br>Ертегі оқу. Суретпен жұмыс | ***Жеке баламен жұмыс.***<br>Рек – рек – рек,<br>Ұшты көлден үйрек.<br>Еш – еш – еш,<br>Шақырады әтеш. | ***Жеке баламен жұмыс.***<br>Қылқаламмен жұмыс.<br>Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата –аналарға кеңес**<br>«Бала мен қоғам»<br>Коммуникативтік дағдыларын жетілдіруде ауыз-әдебиет үлгілерін қайталату.Отбасы құндылықтарға баулу. | **Ата –аналарға кеңес**<br>"Саусақ жаттығулары".<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | **«Салауаттық кеңестері"**<br>**Шарты:**<br>Сезім мүшелері,олардың қызметі туралы түсінік беру.<br>Өз дене мүшелерін күтіп ұстауға үйрету. | **Ата-анамен әңгіме**:<br>Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | **Ұсыныс:**<br>«Көктем» тақырыбына суреттері туралы әңгімелеп беру. Көрме ұйымдастыруға ұсыныс жасау. |

**Бекітемін:**
**Оқу ісінің орынбасары**: Ж.Муканова
**Мектепалды даярлық сынып**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 2024 жыл 18-20 наурыз

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау.** | Ойын. **«Мен еңбекқор баламын».** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты балаға лақтырады. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **«Жылы сөздер ойыны»** Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы:достарына мейірімділік таныту.** | **«Оянды анам»** Мақсаты: жақын адамдарына деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту.** | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға ауа райының өзгеруіне байланысты балалардың киімдерін қадағалауды ескерту. | Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.Алдағы каникул күндері жайлы әңгімелесу. | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Мүсін» ойыны** **Мақсаты**: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту | **«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны** **Мақсаты**: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру | **«Не жоғалды?» ойыны** **Мақсаты**: зейінді, есте сақтауды дамыту | | |
| **Жаттығулар кешені** | **Тік қойылған баспалдаққа сатылар** арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Фитболды «жыланша» иректеліп жүріп, заттардың арасымен алып | **«Бір жағына енкею»** Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау. 3. Б.қ. шалқалап | **«Қамшыны тізеге қою».** Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүруді бекіту.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.** | жатып алып 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау | жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау. | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Не артық»**<br>Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.<br><br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **«Ұқсасын тап»**<br>Мақсаты: екі бөліктен тұратын қиылған ойыншықтарды (доп, кубик, машина, матрешка, сылдырмақ, барабан, сағат) жинап, дөңгелек, шаршы қобдишаларға салып, қақпақтарды жабады. (смарт балаға бағытталған мақсат, нақты ойын барысында жасайтын іс – әрекет)<br>Шарты: берілген ресустарды ұқсасын біріктіріп, соған сәйкес қобдишаға ата салады. | Тақырыбы:<br>**Көктем мезгілі (сурет салу)**<br>Кляксография әдісі арқылы көктем мезгілі бейнесін бейнелейді (5 жас)<br>Шарты: жасына қарай берілген ресурстар арқылы топтасып, берілген тапсырманы орындайды.<br>**Біртұтас тәрбие :талап құндылығы: командалық жұмыс жасауға баулу.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Науқасқа күтім жасау дағдылары.<br>Алғашқы көмек көрсету ережелері, дене ауруын жеңілдету. Адам денесінің құрылысы туралы, маңызды дене мүшелерінің қызметі туралы білімдерін бекіту; жұқпалы аурулар мен олардың белгілері туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; өзінде және басқада аурудың алғашқы белгілері біліне салысымен үлкендерден дер кезінде көмек сұрауды үйрету; дене ауруын жеңілдету жолдарын, жедел көмек қызметін шақыруды үйрету<br>**«Хайуанаттарға су бер»**<br>Ойынның шарты: Топ мүшесі үлкен шелектердің қасына отырады, балалар кішкентай шелекпен топ мүшесінің шелегін сумен толтырады. Әділқазылардың бағасы. Дайынбыз ба? Дайындал! Алға!<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: салауатты өмір салтын ұстану.**<br>**Математика негіздері**<br>Заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын анықтау.<br>**«Не қайда орналасқан?»**<br>Мақсаты: Кеңістікте бағдарлай алуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: 1-ден 10-ға дейін сандар жазылған карточкалар, 7 түсті жолақтар , әртүрлі ұсақ заттар, жануарлар, көкөністер, жемістер т.б.<br>Ойын барысы: Балаларға тапсырма беріледі. Қарбызды 3 қатар қызыл жолаққа орналастыр. Допты 4 қатар жасыл жолаққа орналастыр | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Туған өлкенің өсімдіктері<br>Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады.Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Алоэ, сабыр (Aloe) — лалагүл тұқымдасына жататын көп жылдық бұта, кейде шырмауық түріндегі мәңгі жасыл, қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер. Қазақстанда « ағаш тәрізді Алоэ» (Алоэ arborescens) деген түрі қолдан өсіріледі. Алоэның жапырақ құрамында глюкозид, эфир майы т. б. дәрілік заттар бар, сондықтан алоэның шырынын түрлі ауруларды емдеуге қолданады.<br>**«Жапырағына қарай ажырат»**<br>**Мақсаты:**Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру.<br>Сөздік<br>қорын толықтыру,есту,қабыл дау қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты**:<br>жапырақтарды салыстыру,қай ағаштың жапырағы екенін табу.<br>**«Гүлдерді күтеміз»**<br>**Мақсаты:**балалардың табиға тты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шоптекті, тұқымдас гүлдерді) | **Көркем әдебиет**<br>Наурызкөже ( әңгімесі). Диалогтік сөйлеу<br>**Хауа Ана**. нан, ет, тұздан тартып, жеті түрлі дәмнен келісті етіп, керімсал көже жасаған. Қысқы соғымнан қалған кер бұғының жамбасының жартысы мен кәрі жілік, тоқпан жіліктің басы келесі қазанға салынды. Сорпа бетінде сүр еттің сары жалқын майы қалқыды. Үңгір ішін көптен бері байқалмаған бір тосын астың жұпар иісі кернеді. Хауа Ана жаңа асқа ерекше ден қойды. Және сол көжені келесі жылға дейін тірлігімді жалға, қазанымнан құт, дастарқаннан дәм кетпесін деп, Алладан тілеу тілеп, иман үйіріп ішкен.Бұл Хауа Ананың жасаған, кейін мұқым мұсылмандарға, оның ішінде қазақтарға мирас болып қалған дәстүрлі наурыз көже еді.<br>**Наурыз көже -** Ұлыстың ұлы күні әзірленетін ас. Оған 7 түрлі дәмді қосады. Олар: тұз, су, ақ, ет, кеспе, бидай, күріш немесе тары. -Төрт түлік малдың өнімдерінен қосып, не жасауға болады?<br>**«Наурызкөжені тап»**<br>а) алма, ет, ормажапырақ, тұз, су, май, қызанақ<br>ә) бидай, күріш, тары, су, айран, тұз, сүр ет, арпа, бұршақ.<br>б) бидай, тұз, жапырақ, | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>.<br>**Музыка** | **Дене шынықтыру**<br>**Қоршаған орта**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | т.с.с.<br>**«Суреттің екінші бөлігін сал»**<br>Мақсаты: Балалардың логикасын дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: үлестірмелі карточкалар, қарындаштар.<br>Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады.<br><br>**Сөйлеуді дамыту** Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беру.<br>**Сурет арқылы әңгімелесуден басталады.**<br>– Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>– Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>– Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?<br>– Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>– Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?<br>– Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді.<br>– Балалар, сендер төлдерді қалай шақыратынын білесіңдер ме?<br>– Қойдың қошақанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады.<br>Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» – деп шақырады.<br>Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады.<br>Сиыр, бұзауды «Аухау-аухау!» – деп шақырады.<br>Түйе, ботақанды «Көс-көс!» – деп шақырады. Төлдер қай жануардың төлі екенін түсіндіреді.<br>– Балалар, осы төрт түліктің | ажырата білуге үйрету.<br>Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның<br>қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.<br>**Музыка**<br>Тұяқтас,сыбызғы,металлафон,ксилофон<br>**Жұмбақ.**<br>Сызылған үні сүйкімді тілі,<br>Үрлесең ойнайтын аспаптың<br>бірі. (сыбызғы)<br>**Сыбызғы** - қазақтың үрмелі көне музыкалық аспабы. Құрайдан, ағаштан, кейде жезден де жасалады. Ұзындығы 600 - 650 см не 700 - 800см болады. 3 - 4 ойықты.<br>**Ксилофон** (грек тілінен аударғанда «ағаш дыбысы») - Индонезияда пайда болған ұрмалы отбасындағы музыкалық аспап.[1] Ол пластиктен, ағаштан немесе резеңке балғамен соғылған әр түрлі ұзындықтағы ағаштан тұрады.<br>**Металлофон.**<br>Металлофонның дыбысы жіңішке.Қарандаршы балалар,Металлофон деген аспап бар.Таяқшаны аламыз Әдемі әуен шығарамыз.<br>– Енді металлофонның дыбысын естиміз (металлофонды таяқшамен соғу).<br>**Тұяқтас** – қазақ тұрмыс салтында ежелден бар музыкалық аспап. Жаңа сойылған жылқының тұяғын кесіп алып, суға қайнатады, | жусан, мейіз, сәбіз, ет.<br>**Бата-тілек:** «ақ мол болсын, ырыс, береке болсын»<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br><br>**Математика негіздері**<br>Қағаз парағын бағдарлау<br>Қағаздың жоғары жағына үш алманың,төменгі жағына екі алманың суретін сал, оң жағына алмұрттың, ортасына шиенің суретін сал деген тапсырма беріледі.<br>**Жаттығу:** Бала қораптан қолын салып, фигураның біреуін алады. Алған фигурасын атайды да, оның орнын анықтап, декоративтік таблицаға бекітеді. Мысалы: бала самолетті таблицаның жоғарғы жағына - аспанға, ал балықты - төменгі жағына судың ішіне іледі. Бұған қоса ол: самолет жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде - су ішінде жүзеді" дейді.<br>**«Тез ойла» ойын.**<br>Мақсаты: 1.Балаларға суреттерді көрсетіп салыстыру, жоғарыда, төменде деген түсініктерін дамыту. 2. Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. 3. Ойын арқылы шапшаңдыққа, тез ойлауға баулу.<br>Барысы: тәрбиеші балаға суреттерді көрсетіп жоғарыда, төменде қандай заттар, ойыншықтар тұрғанын айтқызу. Кеңістікті | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауы ішіндегі «жылқы» сөзі қай дыбыстан басталады?<br>– Ал «шөре-шөре» деген сөз қай дыбыстан басталады?<br>– Кәне, бәріміз бірге «Ж» – «Ш», – деп айтайық.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>Көктем мезгілінің ерекшеліктері. **«Көктем»** (жаттау,16б) Дыбыстық жаттығулар.<br>КӨ-КӨ-КӨ-КӨКТЕМ.<br>ҚО-ҚО-ҚО-ҚОЛШАТЫР.<br>ҚҮ-ҚҮ-ҚҮ-ҚҮС.<br>Тем – тем - тем- келіп қалды көктем<br>Ой-ой-ой- қорада тұр қой.<br>Ай-ай-ай- жайылып жүр тай.<br>Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ.<br>Зы-зы-зы- секеңдейді қозы<br>**Тақпақ жаттайық**<br>Көктем, көктем,көктем,<br>Неткен сұлу көркем.<br>Қыс міне, кетіп барады,<br>Көктем орнын басады.<br>**«Жалғастыр»** Д-ойыны.<br>Ойын барысында жаңа және өткен тақырыптар бойынша үйренген сөздерді қолданады .Мысалы:жапыр.., құст...,<br>жыл.., салқ..., сар..., т.б.<br>**Көктем**<br>Жер жұмсарып,қар еріп,<br>Адамдар жүр тал егіп.<br>Жалаңаштанған ағаштарға,<br>Бүршіктер шықты нәр беріп.<br>Көктегі күн күлімдеп,<br>Жатқандай-ақ жан беріп.<br>Көктем келді далаға,<br>Табиғатқа сән беріп.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | тұяқтың ішкі сүйегі босап, сыртқы қабығы бөлектенеді. Оны әбден ішін тазартып, күнге кептіреді.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br>**Сурет салу**<br>Геометриялық пішіндегі заттарды салу, безендіру<br>**Сәукелені әшекейлейміз**<br>Сәукелені салу үшін алдымен үшбұрыш салып аламыз, астыңғы бөлікті сәл дөңгелектеп, сәукеленің ең жоғарғы ұшына үкі тағамыз, сәукелеміз әдемі әрі тартымды болуы үшін оған ою-өрнек саламыз. Балалар үлгіден қарап немесе өз таңдаулары бойынша ою-өрнекпен безендіреді.<br>**«Бұл неге ұқсайды?» ойын:**<br>Алдымен фигураларды және оларға ұқсас заттарды көрсетеді, содан кейін балаларға фигуралардың немесе фигуралар тобының неге ұқсайтынын өздеріне ойлап табуды ұсынады.<br>Балалар фигураларды, заттарды қарастыра ды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>***Жоларалық кеңістік***<br>Балалар да ауада жазып жаттығады. Жазу жазған кезде дұрыс отыру, қарындашты дұрыс ұстау ережесін еске түсіреді. Қарындашты ауызға салмау, қағаз бетінде қарындашты қатты баспай ұстау ережелері | бағдарлай білуге үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Салауатты өмір салты<br>**Тыныс алу жаттығуы «Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз»** – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару. Екі-екіден тізбекке тұрады.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: салауатты өмір салтын ұстану.**<br><br>**Қ\о: «Көңілді маймылдар» ойыны**<br><br>**Мақсаты:** Еркіндік бере отырып тыңдауға, тәртіптілікке шақыру арқылы шыдамдылыққа, ұжыммен бірге қимылдауға үйрету.<br>**«Маймылдардың апаны»**<br>Біз – көңілді маймылдар,<br>Өте қатты шулаймыз,<br>Алақанды соғамыз,<br>Еденді де таптаймыз.<br>Ұртымызды үрлеп,<br>Әндетеміз гулеп.<br>Төбеге де секірдік,<br>Маңдайға саусақ келтірдік.<br>Құлағымыз – қалқан,<br>Құйрығымыз – салпаң.<br>Бірақ тәртіп – қатаң,<br>«Үш» дегенде апаң-<br>Бәрің тілді алыңдар,<br>Қозғалмай, қатып қалыңдар!<br>Ойынға қатысушылар тақпақты жүргізушімен бірге қайталап, әр түрлі қимылдар жасап, әбден еркінсиді. Бірақ «үш» | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | де қайталанады. Төменгі және жоғарғы сызықтарды есте сақтап, жазуға қолдарын жаттықтырады.<br>**« Жоғарыда-төменде» жаттығуы.**<br>Таблицаның әр жеріне ілмек тігіледі. Беті жабық қорапта жұлдызшаның, самолеттің, құстың, инеліктің, балықтың, түрлі аңдардың картоннан немесе фанерадан ойылып алынған фигуралары қойылады. Біздің күлкіміз көңілді ( қолдарын еріндерінің шетіне жақындатады)<br>**Жеткізсін** жылу мен шаттықты ( қолдарын жүректерінің тұсына қояды)<br>Бөліскен жақсы ғой өмірде, ( қолдарын алға созады, саусақтары күн сияқты)<br>Қуаныш, Мейірім, Бақытты! ( қолдарын екі жаққа созады) | деген сөзден кейін қозғалмай бір орында қатып қалады<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Ойнай отырып оқимыз<br>**Дидактикалық жаттығуы**: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасыңдар.<br>Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ...(банан), қатты...( көмір), жасыл.... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ...( қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншақ), сары ...(шаш), дәмді...( шай), тәтті... (торт), жасыл...( қияр), ұзын.... (бантик) т.б.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну ретін білу ( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау)<br>Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұрып киімдерін ұқыпты киіне білулерін қалыптастыру. | Балаларды табиғатпен таныстыру.<br>Табиғат құбылыстарын ажырата білу. | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарымен және спорттық керек-жарақтармен балалармен әңгімелесу | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)<br>**Мақсаты:** Ауа райындағы өзгерістерді аңғарып айта білуге баулу. Олардың жыл мезгіліне байланысты өзгеріп | **Ауа райына бақылау жасау**<br>Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол | **Серуенге қызығушылық туғызу**<br>Жылғалар мен шалшықтарды бақылау.Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отыратынын білгізу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Шеңберге дәл түсір»**<br>**«Тышқан мен мысық»**<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.** | шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады.Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. | шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. | | |
| Серуеннен оралу,**ойындар** | **Әңгімелеу**<br>Дәрумендердің пайдасы<br>Сюжеттік р/о: Емхана.<br>Мақсаты:дәрігер құрал-жабдық тарын атай білуге,үлкендердің еңбегіне деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **«Үйдің есігін жабайық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. | **«Үй құрылысының ретін көрсет»**<br>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту<br>Дәстүрден көрсету.<br>«Бесікке бөлеу» | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке,** ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.<br>(Мұхаммад, Мүсілім) | **«Менің ойыншықтарым»**<br>Фотасуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру,әңгімелету.<br>(Раяна, Ясмин) | **Түрлі пішінді қағазда** симметриялық ою - өрнектерді құрастыра білуді бекіту.<br>(белсенді баламен жұмыс:<br>Айнамкөз,Айсана)<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын атааналардан талап ету. | | |